

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»**

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
№80 Директорлар кеңесі
отырысының
2017 жылғы «3» шілдедегі
хаттамасына
№ __ қосымша**



**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры»
акционерлік қоғамының
2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясы**

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	2
1. Ағымдағы жағдайдың талдауы	3
1.1. Сыртқы орта талдауы	3
1.2. PEST-талдау	8
1.3. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі бағыттары	11
1.4. Ішкі ортаның талдауы	13
1.4.1 Жұмыстың негізгі бағыттары бойынша нәтижелер	13
1.4.2 Қордың қаржы жағдайы	18
1.4.3 ҚНК көрсеткіштерінің орындалу жағдайының талдауы	20
1.5. SWOT-талдау	24
1.6. Бенчмаркинг	24
2. Миссия, мақсат-бағдар	26
3. Қорды дамытудың стратегиялық бағыттары	26
3.1. Бастауыш және әрекеттегі кәсіпкерлерге қолдау көрсету және дамыту	27
3.1.1. Микро-бизнесті несиелеуді кеңейту және МҚҰ мен несиелік серіктестіктердің қолдау құралдарын әзірлеу және іске асыру	27
3.1.2. Әрекеттегі МШОК-ның Қордың қаржылық бағдарламалармен қамтылу үлесін арттыру	28
3.1.3. МШОК-ның қолдау көрсетіліп жатқан кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету	34
3.2. Қордың тұрақты институттық дамуы	36
3.2.1. Қаржыландырудың қосымша көздерін тарту	36
3.2.2. Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне қол жеткізу	38
3.2.3. Бизнес процестерді автоматтандыру	40
3.2.4. Корпоративтік басқару деңгейін арттыру	41
4. Күтілетін нәтижелер	43
Қорытынды	45
1-Қосымша. НӨК көрсеткіштерін есептеу әдістемесі	46

Кіріспе

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы (әрі қарай – Қор, «Даму» қоры) «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі №665 қаулысының негізінде құрылды.

«Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына сәйкес, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (әрі қарай – «Бәйтерек» ҰБХ), «Даму» қорының Жалғыз акционері болып табылады.

Қордың Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 4 шілдедегі №52 хаттамасымен бекітілген «Даму» қорының 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясын (әрі қарай – Стратегия, Даму стратегиясы) белсендіру 2017 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Даму стратегиясын белсендіру негізінде Қор қатысатын мемлекеттік бағдарламаларға өзгертулер енгізумен, сондай-ақ келесі маңызды әлеуметтік-экономикалық оқиғаларға сәйкес жүргізілді:

1. Елбасының Жолдаулары мен келесі мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу;
 - 1) Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «Ұлт Жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасы (әрі қарай – Ұлт жоспары);
 - 2) Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауы;
 - 3) Жаңа мемлекеттік бағдарламалар: Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі №1030 Жарлығымен бекітілген 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы (әрі қарай – «Нұрлы жол» бағдарламасы); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы №922 Қаулысымен бекітілген «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы (әрі қарай – «Нұрлы жер» бағдарламасы);
 - 4) қолданыстағы бағдарламалар: белсендірілген бағдарламалар - Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы №874 Жарлығымен бекітілген 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы (әрі қарай – 2015-2019 жылдарға арналған МИИДБ); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №168 Қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы (әрі қарай – «БЖК - 2020» бағдарламасы);
2. бірқатар көрсеткіштердің экономикалық өсуінің бәсеңдеуі;
3. Қордың негізгі өнімділік көрсеткіштерін (әрі қарай - НӨК) жүзеге асыру жөніндегі 2014-2017 жылдарға арналған үшжылдық кезеңнің аяқталуы.

Белсендірудің негізінде Қордың өзінің индустриялық-инновациялық және әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттағы кәсіпкерлікті дамыту институты ретіндегі рөлін жүзеге асыруға бағытталған жұмысының стратегиялық бағыттарын қайта қарастыру жатыр. Стратегия миссияны, мақсат-бағдарды, стратегиялық бағыттарды, сондай-ақ, мақсаттарды, міндеттерді және 2017-2023 жылдардағы НӨК болжалды мөндерін анықтайды.

1. Ағымдағы жағдайдың талдауы


1.1. Сыртқы орта талдауы

МШОК секторының ауқымы және даму серпіні

Микро, шағын, орта кәсіпкерлік (әрі қарай – МШОК) Қазақстан Республикасында жаппай және біршама серпінді сипатқа ие болды. 2010 жылдан бастап тіркелген МШОК субъектілері 25%-дан артық мөлшерге артты, ал 2016 жылдың қорытындысы бойынша олардың саны 1 500 мың бірлікке жетті. Бұл көрсеткіш мемлекет аумағындағы барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы санының 96,1%-ын құрайды.

МШОК-ның Қазақстан халқын жұмыспен қамтамасыз етудегі рөлі артып келеді. 2017 жылдың басына қарай МШОК мемлекеттегі жұмыс орындарының үштен бір бөлігінен артығын қамтамасыз етті, ал оның 10 жыл бұрынғы жұмыспен қамтудағы үлесі 25,6%-ды құраған болатын.

Оның мемлекеттің экономикасы мен табысындағы ұлғайып келе жатқан үлесі Қазақстандағы МШОК-тің дамуындағы әлдеқайда маңызды фактор болып табылады. МШОК субъектілерінің өнім және қызмет көлемі жылдық көрсеткіште 2010 жылдан бері 132%-ға артты, ал МШОК-тің ЖІӨ-дегі үлесі 23,1%-ға дейін көбейді. МШОК-тан бюджетке келетін салық түсімі артып келеді. Осылайша, 2010-2016 жылдар аралығында шағын кәсіпкерліктерден ғана түскен корпоративтік табыс салығының жылдық мөлшері 161%-ға артты, шағын кәсіпкерліктердің КТС-ның КТС түсімдерінің жалпы көлеміндегі үлесі 10,8%-дан 26,5%-ға өсті.



Дереккөзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігі (www.stat.gov.kz)

Бұған қоса, Батыс Еуропаның, Солтүстік Американың және Оңтүстік-шығыс Азияның экономикасы әлдеқайда бәсекеге қабілетті мемлекеттерімен салыстырғанда,

МШОК-тың Қазақстан экономикасындағы рөлі біршама азырақ көрінеді. Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ жоғары деңгейдегі мемлекеттерде МШОК секторы экономиканың негізі саналады және мемлекеттің ЖІӨ-нің 50%-дан артығын қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, дамыған елдерде МШОК саласында жұмыспен қамтылған барлық халықтың 50-70%-ға жуығы жұмыс істейді.

Осылайша, қазіргі таңда Қазақстанның жалпы экономикасының даму жағдайы айтарлықтай деңгейде МШОК секторының даму жағдайына тәуелді болып келеді. Мұндай жағдайда мемлекеттік органдардың, соның ішінде «Даму» қорының алдында келесідей міндеттер тұр:

- *орташа мерзімде* – МШОК секторындағы қол жеткізілген өсу қарқынының бәсеңдеуіне жол бермеу,

- *ұзақ мерзімде* – Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы және 2014 жылдың 17 қаңтарындағы Қазақстан халқына Жолдауларында белгіленген мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету: экономикадағы МШОК үлесі 2030 жылға дейін кем дегенде екі есуі керек (ЖІӨ-нің 35%-ын құрауы тиіс), ал 2050 жылға дейін Қазақстан ЖІӨ-нің 50%-ын құрауы қажет.

МШОК секторының бағдары

2016 жылдың қаңтар айынан бастап Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі күшіне енді. Ол бұған дейін қолданыста болған «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңды ауыстырды. Кодекс Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындайды, кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылына, оның ішінде кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуге және қолдауға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді. Бұған қоса, мемлекеттік статистика жүргізу, мемлекеттік қолдау көрсету және Қазақстан Республикасының өзге заңнамаларының ережелерін қолдану мақсатында Кодекс келесілерден тұратын кәсіпкерлік субъектілерінің санаттарын анықтайды:

- *микрокәсіпкерлік субъектілері* – жұмыскерлерінің жылдық орташа саны 15 адамнан аспайтын немесе жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 30 000 еселенген мөлшерінен аспайтын, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері.

- *шағын кәсіпкерлік субъектілері* – жұмыскерлерінің жылдық орташа саны 100 адамнан аспайтын және жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 300 000 еселенген мөлшерінен аспайтын, кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлға құрмаған жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар.

- *орта кәсіпкерлік субъектілері* - кәсіпкерлікті жүзеге асыратын, шағын және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар.

- *ірі кәсіпкерлік субъектілері* – кәсіпкерлікті жүзеге асыратын және келесі критерийлердің біреуіне немесе екеуіне сай келетін жеке кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар: жұмыскерлерінің жылдық орташа саны 250 адамнан асады және (немесе) жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 3 000 000 еселенген мөлшерінен асады.

Қалыптасқан санаттарға сүйенсек, МШОК секторында бірыңғай бағдар жоқ. Оның құрамына келесілер кіреді: жеке кәсіпкерлердің көпсанды топтары, шаруа қожалығы, сондай-ақ, айналымы біршама үлкен және басқару формалары біршама күрделі шағын және орта кәсіпкерліктер.


**МШОК субъектілерінің жұмыскерлерінің санына
және шығаратын өнім көлеміне / түсіміне қарай бағдарлары**

	МШОК субъектілері	Соның ішінде			
		ЖК	ШҚ	Шағын кәсіпкерліктер	Орта кәсіпкерліктер
Жұмыскерлерінің орташа саны, адам	3	2	2	6	129
Жылдық орташа өнімі / түсімі, млн. теңге	14,2	1,9	5,7	57,0	1 289,0

Дереккөзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігі (www.stat.gov.kz)

Жалпы алғанда, 2010 жылдан бері МШОК заңды тұлға құрмаған субъектілерінің (ЖК және ШҚ) де, заңды тұлғаларының да саны артып келеді. МШОК субъектілерінің құрылымында ұйымдастырушылық-құқықтық пішіндері бойынша екі ерекшелік байқалады. Біріншіден, ЖК мен ШҚ үлесі әлі де көп мөлшерде, тіркелген МШОК жалпы санының 78%-дан артығын құрайды. Екіншіден, МШОК заңды тұлғаларының үлес салмағы соңғы жылдары 3,5 пайыздық пунктке, яғни, 18,1%-дан 21,6%-ға артты. Бұл шағын бизнестің шағын бизнестің жаңа заңды тұлғаларын қалыптастыру есебінен де, жеке кәсіпкерлерді жауапкершілікті иесі мен компания арасында бөлу, қызметкерлерді қабылдау, серіктестер мен акционерлер тарту, абыройды арттыру және т.б. сұрақтарда біршама артықшылықтарға ие болатын ЖШС формасына қайта тіркеу есебінен де сапалы институттық дамуының айғағы бола алады.


«Даму» қорының қолдау шаралары, сондай-ақ, микро кәсіпкерлерге, жаңадан бастаған кәсіпкерлерге, соның ішінде қаржыландыруды алудың жеңілдетілген процедураларының маңызы зор жас жаңадан бастаған кәсіпкерлерге арналған қолдау көрсету құралдарына, сонымен қатар ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды жүзеге асырып жатқан әрекет етуші кәсіпкерлерге арналған құралдарға бағытталады болады.




Дереккөзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігі (www.stat.gov.kz)

Аймақтарға бөліп қарастыру кезінде МШОК субъектілерінің Астана және Алматы қалаларында шоғырлануы байқалады. Егер 2010 бастап Астана және Алматы қалалары тұрғындарының үлес салмағы өзге облыстармен салыстырғанда 2 пайыздық пунктке артқан болса, дәл осы мерзімде аталмыш екі қаланың МШОК субъектілерінің үлестік салмағы 7,9 пайыздық пунктке көбейді. Мұндай даму тенденциясы жалғасын табатын болса, МШОК аумақтық үйлесімсіздігі күшеюі мүмкін.

Дереккөзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігі (www.stat.gov.kz)




МШОК субъектілерінің салалық құрылымында 5 жыл ішінде 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес анықталған экономиканың басым секторларында жұмысын жүзеге асыратын компаниялардың үлесі азайғандығы байқалып отыр. Дегенмен де, бұл нәтиже басым емес секторлардағы (сауда, жылжымайтын мүлікке қатысты операциялар және т.б.) ЖК әсерінен қалыптасты, бұл ретте экономиканың басым секторларындағы МШОК заңды тұлғаларының саны да, үлесі де артты.



Дереккөзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігі (www.stat.gov.kz)

Тікелей өндірістегі МШОК субъектілерінің саны және МШОК субъектілерінің жалпы санындағы олардың салмақтық үлестері артып келеді. Бұл өсім өнеркәсіп саласындағы ЖК арқасында қамтамасыз етіліп отыр: олардың саны 7 жыл ішінде 2 еседен артық мөлшерде, яғни 14,5 мыңға артты. Осылайша, кәсіпкерлер өз күш-жігерін жай ғана бизнеске емес, жеке өндіріске бағыттауға дайын болып отыр.


МШОК-тің ЖІӨ-дегі үлесін арттырудың әлдеқайда айқын әдісі тауар өндірісі секторындағы кәсіпкерліктердің санын арттыру болып табылады. Холдингтің құрылымындағы құрылыс саласы - «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» АҚ, «Baiterek development» АҚ және «Қазақстан тұрғын-үй жинақ банкі» АҚ. Ауыл шаруашылығына қолдау көрсетуге «ҚазАгро» Ұлттық басқару холдингі» АҚ желісі бойынша ұдайы қаражат бөлініп тұрады. Сол себепті «Даму» қоры бағдарламалар шеңберінде мөлшерлеме, қаржыландыру мерзімі және т.б. бойынша жеңілдетілген шарттар ұсыну арқылы өңдеу өнеркәсібіне деген екіпінді сақтауы және жаңа өндіріс орындарының ашылуына қолдау көрсетіп отыруы қажет.



Дереккөзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігі (www.stat.gov.kz)

МШОК-тің дамуының әлеуметтік аспектісінде соңғы жылдары әйелдердің басқаруындағы МШОК субъектілерінің үлесі артып келе жатқандығы байқалып отыр. 2011 жылдан бері әйел жынысты кәсіпкерлердің саны 145 мыңға артты, олардың МШОК субъектілерінің жалпы санындағы үлес салмағы 7,4 пайыздық пунктке өсіп, 43,7%-ға жетті.

Әйелдер Қазақстан халқының көп бөлігін құрайды және олардың мемлекеттің экономикалық дамуына қосып жатқан үлесінің өсуі, соның ішінде кәсіпкерлікпен айналысуының артуы заңды жағдай. Мемлекет және «Даму» қоры бизнестегі әйелдердің санын арттыруға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруды жалғастыру қажет.



Дереккөзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігі (www.stat.gov.kz)

МШОК субъектілерінің қаржыландыруға қол жеткізу жағдайы

МШОК секторының дамуының басты ресурсы несиелер болып табылады. Дәл осы себепке байланысты мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламаларындағы негізгі көңіл МШОК субъектілерінің несие алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған.

2011-2016 жылдардағы МШОК несиелері бойынша екінші деңгейдегі банктердің қоржынының өзгеру серпіні мөлшерлемелерді субсидиялау, несиелерге кепілдік беру және МШОК субъектілерін келешекте қаржыландыру үшін шартты түрде қаражат орналастыру секілді мемлекеттік қолдау көрсету құралдары өз міндеттерін орындағанын көрсетеді, атап айтқанда:

- МШОК сегментін несиелеуді арттыру қамтамасыз етілді - 5 жыл ішінде МШОК несиелер қоржыны 3,4 трлн.теңгеге артып, 5,0 трлн. теңгеге жетті, қоржындағы МШОК үлесі 17 пайыздық пунктке (әрі қарай - п.п) артып, 32%-ға жетті.

• Басым секторларына, атап қайтқанда, мемлекет экономикасын әртараптандырудағы негізгі сектор болып табылатын өңдеу өнеркәсібіне несиелер ұсынуды арттыруға қолдау көрсетілді - 5 жыл ішінде өңдеу өнеркәсібіндегі шағын бизнеске берілген несиелер қоржыны 196 млрд. теңгеге артып, 388 млрд. теңгеге жетті, өңдеу өнеркәсібіндегі ЕДБ несиелерінің жалпы қоржынындағы өнеркәсіп саласындағы шағын бизнес несиелерінің үлесі 4,7 п.п-ке артып, 30,9%-ға жетті.

Шағын бизнестің несиелерге қол жеткізуінің кең мүмкіндігі оның инвестициялық қызметін белсендірді. 7-10 жылға дейін ұзақ мерзімді қаржыландыру ұсынуды көздеген мемлекеттік бағдарламалардың шарттары маңызды рөл атқарды.

2011-2015 жылдары шағын бизнестің негізгі капиталына салынған инвестициялар нарықты басып озды:

• бес жыл ішінде шағын бизнестегі инвестициялардың жылдық көлемі 64%-ға, артса, инвестициялардың жалпы нарықтық көлемі 40%-ға өсті.

• Осының арқасында шағын бизнестегі инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі 34%-дан 40%-ға жетті.

Мемлекеттік бағдарламалардың өңдеу өнеркәсібіне аса көңіл бөлуі аталмыш саладағы инвестициялардың өсуіне септігін тигізді:

• Бес жыл ішінде өңдеу саласындағы инвестициялардың жылдық көлемі 71%-ға өсті.

• Саладағы инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі 10%-дан 12%-ға жетті.

Кәсіпорындар инвестициялық қызметке көбірек қарыз қаражатын тарту мүмкіндігін алды:

• бес жыл ішінде қарыз қаражатының есебінен жүзеге асқан инвестициялардың көлемі 2 еседен артық мөлшерде өсіп, 1,2 триллион теңгеге жетті,

• Қарыз қаражатының есебінен жүзеге асырылған инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі 12%-дан 18%-ға жетті.

Бұған қарамастан, МШОК субъектілерінің қаржыландыруға қол жеткізу жағдайын әлі де оңтайлы деп атауға болмайды. МШОК субъектілерінің көп жағдайларда бизнес несиелер алу мүмкіндігі жоқ. МШОК субъектілерінің тек 20%-ға жуығы ғана несиелер мен микронесиелердің белсенді қолданушылары болып табылады. 2017 жылдың басына қарай банктердің қоржындарында МШОК ЖК мен заңды тұлғаларынан тұратын 90 мың қарыз алушы болды. Микроқаржы ұйымдарынан кәсіпкерлік мақсаттарға арнап микронесие алатын қарыз алушылардың саны орташа есеппен жылына 150 мыңды құрайды;

МШОК субъектілерін несиелендіру үшін қаражатты шартты түрде орналастыру бағдарламалары арқылы ЕДБ-ді ұдайы қорландыру қажеттілігі әлі де сақталып отыр. Қазақстанның несиелендіру нарығы өтімділіктің жеткіліксіздігі мәселесімен дүркін-дүркін, әсіресе ұлттық валютаның ауыстыру бағамы төмендеген кездерде кезігіп тұрады. Бұл ретте ЕДБ тұтынушыларының негізгі үш тобының (жеке тұлғалар, МШОК субъектілері және корпоративтік сектор) ішінде МШОК саласында өтімділіктің жетіспеуінің әсері бірінші кезекте байқалады.

Пайыздық мөлшерлемелер мен кепілге қатысты талаптар әлі де жоғары деңгейде. Бүгінгі таңда ЕДБ МШОК жобаларына 14-17% және одан жоғары жылдық пайыздық мөлшерлемені қаражат ұсынады. Екінші жағынан, корпоративтік басқарудың кемеліне жетпеген әдістері және МШОК компанияларында ашықтықтың болмауы несиелер берушіге қатысты қауіпті арттырады және МШОК саласын несиелендіру кезінде кепілдерге қатысты жоғары талаптардың қойылуына әкеледі. Еуропа қайта құру және даму банкінің (әрі қарай - ЕҚҚДБ) және Дүниежүзілік банктің (әрі қарай - ДБ) зерттеулеріне сәйкес, Қазақстандағы МШОК субъектілеріне арналған кепілге қатысты талаптардың медианалық мәні жалпы несиелер көлемінің 170%-ын құрайды.

Жоғарыда айтылғанды ескере келе, «Даму» қоры өз жұмысында ЕДБ арқылы несиелер мен лизингтер ұсыну, сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, несиелерге

кепіл беру, микроқаржыландыру және өзге де сұранысқа ие қаржыландыру құралдарын қолдана отырып МШОК субъектілеріне берілетін қаржылай қолдау көлемін арттыруға дiттеген бағытын сақтап қалуы тиіс.

1.2. PEST-талдау

Сыртқы ортаға жасалған талдау нәтижесінде Қордың алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындауға қажетті бірқатар тиімді факторлар мен мүмкіндіктер бар екені анықталды.

Тиімді саяси және құқықтық факторлардың қатарына Үкіметтің кәсіпкерлікті дамыту және Қор оператор және қаржы агенті рөлін атқаратын мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мәселесіне ерекше көңіл бөлуі жатады. Сонымен қатар, тиімді факторлардың қатарына мемлекеттік рұқсат ету жүйесін жетілдіру, ақпараттық құралдарды реформалау, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты, мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту жөніндегі саясатты жатқызуға болады.

Бұл ретте қауіп тудыратын маңызды құқықтық фактор ретінде банк саласын реттейтін заңнамаларға өзгерістердің енгізілуін қарастыруға болады, өйткені «Даму» қоры қаржы бағдарламаларының көбі ЕДБ-дің қатысуымен жүзеге асады, сонымен қатар, салық заңнамасы мен кәсіпкерлік саласындағы заңнамалардағы өзгерістер де осындай әсер әкелуі мүмкін.

Экономикалық факторлардың ішінде Қордың жұмысына МШОК субъектілерінің - Қордың ықтимал тұтынушылары санының өсуімен қатар орын алатын тұрақты макроэкономикалық орта тиімді әсерін тигізеді. Серіктестік желісін кеңейту мүмкіндіктері - банктік емес қаржыландыруды дамыту. ЕДБ «ұзын» өтімділігін қалпына келтіру субсидиялау және МШОК субъектілеріне арналған кепіл беру құралдарына қол жеткізу мүмкіндігін ұлғайтады.

Қазақстанның халықаралық экономикалық келісімдерге және конвенцияларға қатысуы шетелдік қаржы институттарының (Азия даму банкі (әрі қарай - АДБ), ЕҚҚДБ, ЕИБ және т.б.) қосымша қаражатын МШОК секторын қаржыландыру үшін тартуға мүмкіндіктер ашады. Қазақстанның Ресейдің, Қытайдың және Үндістанның жедел дамып келе жатқан нарықтарымен көршілес орналасуы, олармен экономикалық бірлестікке түсу де Қазақстанның МШОК секторын дамытуға қажетті мүмкіндіктер ашып отыр. Дегенмен де, теңізге шығу мүмкіндігінің болмауы және мемлекет аумағының теміржол және автомобиль жолдарымен қамтылу деңгейі кәсіпкерлердің мүмкіндіктерін шектеп отыр.

Экономикалық факторлардың ішінде мемлекеттік бюджеттің орын алуы мүмкін оңтайландыруы, энергия тасымалдауыш бағасының тұрақсыздығына байланысты инвестициялардың қысқартылуы, ұлттық валютаның тұрақсыздығы және оның әсерінен туындайтын ЕДБ теңгелік өтімділігінің төмендеуі және экономиканы несиелеуді арттыру қарқынының төмендеуіне, Қор шығындарының артуына және ЕДБ-де қаражат орналастыру лимиттерінің төмендеуіне әкеліп соқтыратын ЕДБ серіктестерінің несиелік рейтингтерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін сыйақы мөлшерлемелерінің өсуі ықтимал қауіп тудыруы мүмкін. Өнеркәсіп пен инновациялар саласындағы МШОК-тің баяу қарқыны, сондай-ақ, өнеркәсіп саласындағы МШОК-тің импортқа тәуелділігі төмен бәсекеге қабілеттіліктің орын алуы қауіпін тудырады, бұл өз ретінде отандық тауарларға деген ішкі сұраныстың қысқаруына әкеліп соқтыруы мүмкін. Шағын кәсіпкерліктерді орта кәсіпкерлікке айналдыруға қажетті механизмдердің, жағдайлардың және уәждемелердің болмауы салық салу, есеп жүргізу және есеп беру саласындағы заңнамалардың бірқатар артықшылықтарымен қамтамасыз етілген.

Тиімді әлеуметтік факторлардың ішінен бұқара халықты кәсіпкерлік қызметке тартудың ықтималдығын атап өтуге болады, бұл өз ретінде Қор тұтынушыларының санының көбеюіне септігін тигізеді. Жеке кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтудың

артуы және МШОК секторында табыстың артуы кәсіпкерлердің мемлекеттік қолдау көрсету шараларымен қанағаттану деңгейінің өсуіне себепші болады. Қауіп тудыратын әлеуметтік факторлардың қатарына кәсіпкерлердің біліктілік деңгейінің төмендігі, аудандық деңгейдегі кәсіпкерлердің табыс деңгейі және несие төлеу қабілеттілігі, жастардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатысты қызығушылығының төмендігі жатады.

Технологиялық және техникалық факторлардың ішінен ақпараттандыру бағдарламаларын енгізу және кәсіпкерлікті заманауи ақпараттық технологиялардың негізінде дамыту, заманауи өндіріс технологияларының және кәсіпкерлерге арналған жоғары тиімділікті құрылғылардың пайда болуын атап өтуге болады. Қазақстандағы интернет желісінің және ақпаратқа қашықтықтан қол жеткізудің қолжетімділігінің артуы, сондай-ақ ұялы байланыс қызметтерінің дамуы Қордан онлайн қызметтер ұсынуға қажетті платформаларды енгізуін талап етеді. Мемлекет инфрақұрылымының жалпы дамуы бизнесті жүргізуге қажетті қолайлы жағдайлар жасауға септігін тигізетін болады. Бұл ретте жаңа технологиялардың мақсатты аудиторияда танымал болмауы қауіп тудыруы мүмкін.

PEST-факторлар	Мүмкіндіктер ашады	Қауіп тудырады
Р – Саяси және құқықтық факторлар	<ul style="list-style-type: none"> Бизнесті жүргізу, халықты жаппай бизнеске тарту, МШОК экономикадағы рөлін арттыру жөніндегі Үкіметтің мақсатты саясаты (мемлекеттік рұқсат ету жүйесін жетілдіру, ақпараттық құралдарды реформалау, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жетілдіру және т.б.) Мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін азайту бойынша саясат Қордың ҚР ҰЭМ-мен өзара әрекеттестігі 	<ul style="list-style-type: none"> Кәсіпкерлік саласындағы заңнаманы қаталдандыру Салық заңнамасын қаталдандыру Банк заңнамасын қаталдандыру
Е – Экономикалық факторлар	<ul style="list-style-type: none"> Ел экономикасының жағымды даму серпіні, ел экономикасын әртараптандыру МШОК-ны қолдаудың жаңа құралдарының пайда болуы, оның ішінде бейбанктік қаржыландыруды дамыту арқылы ЕДБ-ның «ұзақ» өтемділігінің қалпына келтіру Қазақстанның халықаралық даму институттарынан (АДБ, ЕҚҚДБ, ДБ және т.б.) қорландыруды тарту бойынша мүмкіндіктері Халықаралық бірлесу және ДСҰ шеңберінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру 	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекеттік бюджетті оңтайландыру, энергия тасымалдауыш бағасының тұрақсыздығына байланысты инвестицияларды қысқарту Теңгенің айырбас бағамының төмендеуі және депозиттердің долларландырылуы, ЕДБ-дағы теңге өтемділігінің жетіспеушілігі, несиелер бойынша мөлшерлемелердің өсуі ЕДБ-серіктестерінің несиелік рейтингтерінің төмендеуі МШОК-ның өнеркәсіп және инновациялардағы дамуының баяу қарқындары Өнеркәсіп секторында МШОК-ның импортқа тәуелділігі

	<ul style="list-style-type: none"> Ел экономикасының жағымды даму серпіні, ел экономикасын әртараптандыру 	<ul style="list-style-type: none"> Шағын кәсіпорындарды орта кәсіпорындарға айналдыру үшін механизмдердің, жағдайлар мен ынталандырудың болмауы Отандық тауарларға деген ішкі сұраныстың төмендеуі Мемлекеттік бюджетті оңтайландыру, энергия тасымалдауыш бағасының тұрақсыздығына байланысты инвестицияларды қысқарту
Өлеуметтік - факторлар	<ul style="list-style-type: none"> Қалың бұқара топтарды кәсіпкерлікке қатыстыру Кәсіпкерлікпен айналысатын халықтың табыстарын арттыру. Халықты жұмыспен қамту мәселелерін шешу 	<ul style="list-style-type: none"> Кәсіпкерлер аудандық деңгейдегі табыстары мен несиені өтеу қабілеттіліктерінің төмен деңгейі Кәсіпкерлер біліктілігінің төмен деңгейі Жастар арасындағы кәсіпкерлік қызметпен айналысуға деген қызығушылықтың төмендігі
Т - ИS техникалық факторлар	<ul style="list-style-type: none"> Заманауи АҚ және электрондық коммерция жүйесінің негізінде ақпараттандыру және кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын енгізу Өндірістің заманауи технологияларының және кәсіпкерлерге арналған тиімділігі жоғары жабдықтардың пайда болуы 	<ul style="list-style-type: none"> Мақсатты аудитория арасында заманауи ақпараттық технологиялардың талап етілмейтіндігі

1.3. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі бағыттары

Бүгінгі таңда Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға барлық жағдай жасалып отыр. МШОК-ке қолдау көрсету жөніндегі мақсатты және бірізді саясаттың жүргізілуі мемлекеттің экономикалық дамуындағы негізгі артықшылық болып табылады.

Қор өз жұмысында МШОК-ті дамыту және халықтың әл-ауқатын көтеру саласындағы мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын ұстануды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі алға қойған міндеттерді орындауға ұмтылуын жалғастырады.

2012 жылдың желтоқсан айындағы Елбасының мемлекет халқына Жолдауында ҚР-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы ұсынылған болатын. Оның басты мақсаты - қуатты мемлекет, дамыған экономика және жалпыға қол жетімді еңбек мүмкіндіктері негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанды әлемнің дамыған елдерінің алдыңғы отыздығына кіргізу. Бұл мақсатқа жетудегі ұзақ мерзімді артықшылықтардың бірі - «Ұлттық экономиканың негізгі күш-қауқары - кәсіпкерлікке жан-жақты қолдау көрсету».

«Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында, сондай-ақ әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену концепциясында Мемлекет басшысы жүзеге асырылуы Қазақстанға әлемнің ең дамыған елдерінің қатарына кіруге мүмкіндік беретін бес стратегиялық бағытты бөліп

көрсетті, олардың бірі - бизнестің дамуына және кәсіпкерлік бастамаларға қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін институттық ортаны жетілдіру.

Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену концепциясына сәйкес, ғылымды қажет ететін экономиканың басты құрауыштары - инновациялар, инвестициялар және кәсіпкерлік.

Еңбек өнімділігінің ұзақ мерзімді өсімі, инновациялардың дамуы, өндіріс пен экспортты әртараптандыру, сондай-ақ сыртқы ресурстарды тарту және ішкі ресурстарды белсенді пайдалану арқылы елдің бизнес секторларын дамыту экономикалық өсімнің негізі болмақ.

Экономиканың әрі қарай дамуы үшін маңызды артықшылық ретінде МШОК секторын экономикалық өсімнің негізгі «қозғалтқышы» ретінде дамыту, соның ішінде заманауи бизнес дағдыларды жетілдіру арқылы дамыту (ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі 2050 жылға қарай 50%-ға дейін артады) міндеті қойылып отыр.

Қазақстандағы және оның аймақтарындағы кәсіпкерлікке кешенді қолдау көрсетудің маңызды құралы «БЖК - 2020» бірыңғай бағдарламасы болып табылады.

«БЖК - 2020» бағдарламасы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын және 2050 жылға дейінгі Қазақстанның стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру мақсатында жетілдірілді.

«БЖК -2020» бағдарламасының мақсаты - бар жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңа тұрақты жұмыс орындарын қалыптастыру, сондай-ақ, экономиканың шикізаттық емес секторларындағы аймақтық кәсіпкерліктің тұрақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ету.

Кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің негізгі критерийлері:

- экономика секторына артықшылық беру;
- экспортқа негізделу және/немесе қазақстандық қамтуды арттыра отырып, болашақта сыртқы нарықтарға шығу;
- жаңа жұмыс орындарын жасау.

«БЖК - 2020» бағдарламасы аясындағы барлық қолдау көрсету шаралары бағыттар бойынша және мақсатты сегменттер мен қолдау шараларына байланысты бөлінген:

- 1) Жаңа бизнес бастамаларға қолдау көрсету.
- 2) Кәсіпкерлік секторды қалпына келтіру.
- 3) Кәсіпкерлердің валюталық қауіптерін азайту.
- 4) Кәсіпкерлік әлеуетті күшейту.

«Даму» қоры пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялайтын және несиелерге кепіл беретін қаржы агенті ретінде әрекет ете отырып, «БЖК - 2020» бағдарламасын жүзеге асырушылардың негізгілерінің бірі болып табылады.

«БЖК - 2020» бағдарламасы - жаңа жобаларды іске қосқан жаңа кәсіпкерлерге де, аймақаралық және халықаралық нарықтарда жұмыс істеп жүрген тәжірибелі кәсіпкерлерге де арналған қолдау көрсету құралдарының кешенінен тұратын жеке кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.

«БЖК - 2020» бағдарламасының қатысушы бола отыра, кәсіпкерлер келесілерге қол жеткізе алады:

1. Өз несиелері немесе қаржы лизингтерінің сыйақы мөлшерлемесін 7%-дан 10%-ға дейін мемлекет тарапынан ұсынылған субсидия есебінен төмендету.
2. Несие көлемінің 85%-на дейін мемлекеттік кепілдік алу.
3. Бизнес жүргізу саласындағы біліктілік деңгейін тегін түрде көтеру.
4. Өз кәсіпорнындағы нақты өндірістік және басқарушылық сипаттағы мәселелерді шешуде тегін көмек алу.

«БЖК - 2020» бағдарламасы жүзеге аса бастаған сәттен бері Бағдарламаның болашағы зор екені анықталды. «БЖК -2020» бағдарламасы кәсіпкерлер арасында

танымалдылыққа ие болды, мемлекеттік органдар мен ЕДБ арасындағы өзара әрекеттесу механизмдері қабылданды, бүгінгі күннің өзінде Бағдарламаның бірқатар мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізілгенін айтуға болады.

Экономиканың басым секторларындағы ЕДБ несиелер қоржындарының жалпы көлемімен салыстырғанда, «БЖК - 2020» бағдарламасының үлесі 17%-ды құрап отыр. Осылайша, нарықпен салыстырғанда экономиканың басым секторларындағы 6 несиенің 1-і және өңдеу өнеркәсібіндегі 4 несиенің бірі «Даму» қоры бағдарламаларының қатысушыларына беріледі.

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және несиелеуге кепілдік беру құралдарының көмегімен «БЖК - 2020» бағдарламасы кәсіпорындардың тұрақты және табысты даму жолына түсулеріне қолдау көрсетеді. Өз кезегінде кәсіпорындар өз жұмысын жүзеге асыру барысында бағдарламалардың бюджеттік тиімділігін және экономикалық дәйектілігін арттыра отырып, бюджетке төленетін түсімдерді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Салық комитетінің деректеріне сәйкес, бағдарламалардың қатысушылары болып табылатын кәсіпкерлердің 2016 жылғы салықтық түсімдері 204,2 млрд. теңгені құрады.

«БЖК -2020» бағдарламасының кәсіпкерлік секторын кең ауқымда қамтуы және Бағдарламаға МШОК субъектілері тарапынан қызығушылықтың артуы оны жүзеге асырудың әлеуметтік тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді, бұл халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз ету түрінде көрініс тауып отыр. «БЖК - 2020» бағдарламасы аясында қолдау көрсетілген жұмыс орындарының жалпы саны 267,9 мың адамды құрады, соның ішінде Бағдарламалардың қатысушылары 80,8 мың жаңа жұмыс орнын құрды.

2015-2019 жылдарға арналған МИИДБ аясында «Даму» қоры «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның өзге институттарымен бірге қаржы агенті және кәсіпорындарға қолдау көрсету құралдарының операторы ретінде қызмет етіп келеді. Қор арқылы қолдау көрсету (1) жобаларды қолжетімді және ұзақ мерзімді негізде «Даму» қоры арқылы ұсынылатын ЕДБ шартты несиелеу құралы бойынша қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету; (2) ЕДБ несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін «Даму» қоры арқылы субсидиялау (соның ішінде инвестициялық мақсаттағы несиелер бойынша 10%-ға дейін, айналмалы қаражат несиелері бойынша 7%-ға дейін); (3) ЕДБ несиелеріне «Даму» қоры арқылы кепіл беру секілді құралдар арқылы жүзеге асады.

Мұнымен қатар, өңдеу өнеркәсібіндегі отандық шағын және орта кәсіпорындарға қолдау көрсету мақсатында 2014-2015 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан (әрі қарай - ҚР ҰҚ) қаражатынан 200 млрд. теңге бөлінді.

Ақырғы қарыз алушыларға ұсынылатын шарттар біршама қолайлы болып табылады. Қарыз көлемі 1 850 млн. теңгеге дейін, мерзімі 10 жылға дейін, сыйақы мөлшерлемесі жылынан 6%-дан артық емес.

Аталмыш бағдарлама аясында 2017 жылдың 1 мамырына дейін көлемі 351,4 млрд. теңгені құрайтын 1 701 жоба қаржыландырылды. Соның ішінде

- 1-транш бойынша 780 жоба қаржыландырылды, көлемі 150,0 млрд. теңге,
- 2-транш бойынша 428 жоба қаржыландырылды, көлемі 107,4 млрд. теңге,
- 3-транш бойынша 493 жоба қаржыландырылды, көлемі 93,9 млрд. теңге.

Жалпы алғанда, өңдеу өнеркәсібіндегі МШОК субъектілерін қаржыландыру бағдарламасы аясында ҚР ҰҚ есебінен 2014-2016 жылдары аралығында 105,7 млрд. теңге көлемінде салық төленді, соның ішінде 2016 жылы - 49,2 млрд. теңге; көлемі 1 386,3 млрд. теңгені құрайтын өнімнің шығарылуы қамтамасыз етілді, соның ішінде 2016 жылы - 748,4 млрд. теңге; 16,1 мың жұмыс орны құрылды, соның ішінде 2016 жылы - 3,2 мың жұмыс орны.

1.4. Ішкі ортаның талдауы.

1.4.1. Жұмыстың негізгі бағыттары бойынша нәтижелер

«Даму» қорының Қазақстандағы МШОК субъектілеріне қолдау көрсетуде 20 жылдан асатын тәжірибесі бар. Бұл кезеңде «Даму» қоры қаржылай қолдау көрсету бағдарламаларының қатысушыларының саны 40 мың кәсіпкерден асты, 250 мыңнан астам кәсіпкер мен кәсіпкерлік бастамасы бар жұртшылық өкілдері оқыту және кәсіпкерлерге кеңес беру бағдарламаларына қатысты.

2010 жылға дейін «Даму» қоры бағдарламасы қатысушыларының көп бөлігі ЕДБ-те қаражатты шартты түрде орналастыру бағдарламалары аясында қаржылай қолдауға қол жеткізді. 2017 жылдың 1 мамырындағы жағдайға сәйкес, қаражатты шартты түрде орналастыру бағдарламалары арқылы 31 мыңнан артық қарыз алушыға 1 505 млрд. теңге көлемінде қаржылай қолдау ұсынылды, орташа тиімділік мөлшерлемесі 16,8%-ды құрады, 54 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.

2009 жылдан 20107 жылдың қаңтарына дейін ақшалай қаражат көлемі 388 млрд. теңгеден 1 505 млрд. теңгеге дейін артты, ал қарыз алушылардың саны 3,9 мыңнан 31,2 мыңға дейін көбейді.

Қаржыландырудың қолжетімділік деңгейін көтеру үшін қаражатты шартты түрде орналастыру бағдарламаларының шарттары МШОК субъектілері болып табылатын қарыз алушылар үшін қарыз қаражатының құны факторын да ескереді. Қаражатты шартты түрде орналастыру бағдарламаларын енгізу қарқынына байланысты максималды сыйақы мөлшерлемесі бойынша шектеулі сипаттағы шарттар да енгізіліп отырылды. егер Тұрақтандыру бағдарламасының 1-траншы бойынша орналастыру шарттарына сәйкес банктерге нарықтық мөлшерлемеде несие беру құқығы берілсе, ал Тұрақтандыру бағдарламасының 2-траншының шарттарына сәйкес атаулы мөлшерлеме жылына 12,5% -ға дейін шектелді, Тұрақтандыру бағдарламасының 3-траншының шарттарына сәйкес, мұндай шектеу тиімді мөлшерлеме үшін бекітілді.


Мұның нәтижесінде 2008-2013 жылдары «Даму» қоры бағдарламалары бойынша орташа мөлшерлеме бірте-бірте 14,5%-дан 11,0%-ға дейін төмендеді.

Бұдан басқа, 2014-2015 жылдары ҚР ҰҚ-нан өңдеу өнеркәсібіндегі МШОК субъектілерін қаржыландыру бағдарламасына 200 млрд. теңге қаражат бөлінді, қарыз алушыларға жылына 6%-ға дейінгі ақырғы мөлшерлеме ұсынылды.

Мұның нәтижесінде 2013-2015 жылдары «Даму» қоры бағдарламалары бойынша орташа мөлшерлеме бірте-бірте 11,0%-дан 9,3%-ға дейін төмендеді.

2016 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (әрі қарай - ҚР ҰБ) негізгі мөлшерлемені біршама көтерді, бұл нарықтағы несиелердің құнының артуына әкеліп соқтырды. 2016 жылы «Даму» қоры бағдарламалары бойынша орташа мөлшерлеме 13,3%-ды құрады.

Осылайша, қаражатты шартты түрде орналастыру бағдарламасын жүзеге асыру МШОК несиелері бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемелерінің жалпы деңгейін төмендетуде айтарлықтай рөл атқарғанын сенімді түрде айта аламыз. 2008-2015 жылдары ҚҰ ҰБ деректеріне сәйкес шағын кәсіпкерлікті несиелендірудің орташа мөлшерлемесі 5,2 пайыздық пунктке төмендеді.



Дереккөзі: ҚР Ұлттық банкі (www.nationalbank.kz), «Даму» қоры

Аймақтар бойынша ең көп қаражат Алматы қаласына – 248,0 млрд. теңге (2 279 қарыз алушы) және Қарағанды облысына – 149,1 млрд. теңге (2 233 қарыз алушы) бөлінді. Қаражаттың ең аз мөлшерде бөлінуі Қызылорда облысында – 29,2 млрд. теңге (1 841 қарыз алушы) байқалады.

Қаражатты шартты түрде орналастыру бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижелері, аймақтар бойынша

№	Өңір	Берілді, млн. теңге	Үлес, %	Қарыз алушылар саны, бірлік	Несиенің орташа көлемі, млн. теңге	Несиенің орташа мерзімі, ай	Құрылған жұмыс орны, адам
1	Ақмола	76 473	5%	1 304	59	26	4 515
2	Ақтөбе	85 678	6%	1 621	53	21	3 492
3	Алматы	74 796	5%	2 871	26	26	4 778
4	Атырау	45 772	3%	921	50	29	1 887
5	ШҚО	106 718	7%	2 667	40	20	4 568
6	Жамбыл	41 807	3%	2 479	17	22	1 997
7	БҚО	74 908	5%	1 264	59	19	1 528
8	Қарағанды	149 127	10%	2 233	67	17	3 102
9	Қостанай	113 953	8%	1 512	75	19	2 173
10	Қызылорда	29 152	2%	1 841	16	21	991
11	Маңғыстау	51 262	3%	938	55	29	2 096
12	Павлодар	112 635	7%	1 971	57	23	3 686
13	СҚО	67 887	5%	1 174	58	26	1 891
14	ОҚО	101 595	7%	4 652	22	20	4 652
15	Астана қ.	126 046	8%	1 461	86	33	4 247

16	Алматы қ.	248 009	16%	2 279	109	28	8 635
	Жалпы қорытынды	1 505 817	100%	31 188	48	22	4 515

Салаларға берілген несиелер көлемі бойынша өнеркәсіп саласы алдыңғы орында, оның игерілген қаражаттың жалпы көлеміндегі үлесі 41%-ды құрайды. Ең аз көлемде ауыл шаруашылығы саласындағы жобаларға қаржы бөлінген, мұндай жобалар бойынша қаржыландыру көлемі берілген қаражаттың жалпы көлемінің 4%-ын құрады.




«БЖК - 2020» бағдарламасын 2010 жылдан бастап іске қосудың арқасында «Даму» қоры арқылы кәсіпкерлікке қолдау көрсету құралдарының аясы айтарлықтай кеңейді. Атап айтқанда, МШОК субъектілерінің несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, МШОК субъектілері несиелеріне кепіл беру басталды, сондай-ақ оқыту бағдарламаларын және МШОК субъектілеріне кеңес беру арқылы қолдау көрсетуді жаппай жүзеге асыруға бастама берілді, бұл қаржы агенті және «БЖК - 2020» бағдарламасының операторы ретінде қызмет ететін Қордың тұтынушылар базасын айтарлықтай кеңейтті.

2017 жылдың 19 маусымына дейін «БЖК - 2020» бағдарламасы аясында несиелердің жалпы көлемі 1 827,9 млрд. теңгені құрайтын 9 828 субсидиялау келісімшарты жасалды, соның ішінде:

- 1-бағыт бойынша 2 866 субсидиялау келісімшарты жасалды, несиелердің жалпы көлемі 208,7 млрд. теңге,
- 2-бағыт бойынша 6 442 субсидиялау келісімшарты жасалды, несиелердің жалпы көлемі 1009,8 млрд. теңге,
- 3-бағыт бойынша 317 субсидиялау келісімшарты жасалды, несиелердің жалпы көлемі 407,9 млрд. теңге.


Ең көп субсидиялау келісімшарттары жасалған аймақтар - Павлодар облысы (799) және Шығыс Қазақстан облысы (785). Субсидиялау келісімшарты ең аз жасалған аймақ Маңғыстау облысы (363) болып табылады.



Дереккөзі: Қор деректері

2017 жылдың 19 маусымындағы жағдайға сәйкес, несие қоржынының көлемі бойынша алдыңғы қатарды Алматы қаласы және Оңтүстік Қазақстан облысы иеленіп отыр. Субсидиялау құралымен қамтылған несие қоржының ең аз көлемі Қызылорда облысында байқалып отыр.

Субсидияланатын жобалар құрылымында өңдеу өнеркәсібі (31%), көлік және қаттау секторы (24%) және қызметтер саласындағы жобалар (17%) көптеп кездеседі.



Осылайша, «БЖК - 2020» бағдарламасының индустриялық бағытта жүзеге асып жатқанын нақты айтуға болады: «БЖК - 2020» бағдарламасының қатысушылары несиелердің көп бөлігін өңдеу өнеркәсібі саласындағы жобаларға бағыттайды.

МШОК субъектілерінің несиелері бойынша ішінара кепіл беру «БЖК - 2020» бағдарламасының «Жаңа бизнес бастамаларына қолдау көрсету» атты 1-бағыты аясында жүзеге асырылып жатыр және ол кепіл берудің келесідей үш түрін қамтиды:

1. Жаңадан бастап жатқан кәсіпкерлерге арналған жедел кепілдер¹:
2. Кәсіпкерлерге арналған жедел кепілдер:
3. Кәсіпкерлерге арналған жеке кепілдер:

Өтініштерді қарастыру процесін жеделдету (жедел кепілдер бойынша 5 жұмыс күні, жеке кепілдер бойынша 10 жұмыс күні) жасалған келісімшарттардың санының артуына мүмкіндік берді. 2017 жылдың 19 маусымындағы жағдайға сәйкес, жалпы көлемі 106,2 млрд. теңгені құрайтын несиелер бойынша 3 0087 кепіл беру келісімшарты жасалды, кепіл көлемі 45,5 млрд. теңгені құрады.

2017 жылдың 19 маусымындағы жағдайға сәйкес, ең көп кепіл беру келісімшарттары жасалған аймақтар - Жамбыл және Шығыс Қазақстан облысы. Кепіл беру келісімшарттары ең аз жасалған аймақ Маңғыстау облысы болып табылады.

«БЖК -2020» бағдарламасының «Кәсіпкерлік әлеуетті күшейту» атты 4-бағыты бойынша 2,1 мыңнан артық адам оқытылды, сервистік қызметтермен 134,4 мыңнан аса кәсіпкер қамтылды.


Кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің инфрақұрылымын дамыту мақсатында Қор 2012-2013 жылдары үшдеңгейлі Кәсіпкерлердің біліктілік орталықтарын құру бойынша жұмыс жүргізді. Нәтижесінде облыс орталықтары мен Астана, Алматы, Семей, Түркістан қалаларында 18 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары және 14 мобильді Кәсіпкерлікке қолдау көрсету орталықтары ашылды.

2017 жылдың 1 қаңтарына дейінгі Кәсіпкерлердің біліктілік орталықтарының жиынтық нәтижелері

Кәсіпкерлердің біліктілік орталығы	Тұтынушылар саны	Кеңестер саны
Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы	209 065	351 536
Мобильді Кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығы	42 109	60 883

Жалпы алғанда, Қор банктік несиелеу нарығында айтарлықтай орын алады. Басым секторлардағы Қор бағдарламаларының қатысушыларына берілген несие үлесі орташа есеппен жылына 15-17%-ды құрайды, ал өңдеу өнеркәсібінде бұл көрсеткіш - 22-25%, ЕДБ қарыз алушыларының арасында бұл көрсеткіш - 14-16%.

¹ Жаңадан бастап жатқан кәсіпкер – тіркелу уақытынан Банкке жолыққан кезге дейінгі мерзім бір жылдан аспайтын, кәсіпкерлікпен байланысты несиелік тарихы жоқ ЖКС.




Дереккөзі: ҚР Ұлттық банкі (www.nationalbank.kz), Бірінші несиелік бюро (www.1cb.kz)

Салыстырмалы түрде ЭЫДҰ деректеріне сәйкес МШОК секторын мемлекет есебінен несиелеу көлемі мен МШОК секторын несиелендірудің нарықтың көлемінің ара қатынасы: Канадада – 28%-ға дейін, Бразилияда – 4%-ға дейін, Батыс Еуропа елдерінде – 17%-ға дейін, Қытайда – 7%-ға дейін².

1.4.2. Қордың қаржы жағдайы

1997 жылы «Даму» қорының құрылуы кезінде 47,5 млн. теңге көлемінде қаражат бөлінген болатын. 2004 жылдан 2007 жылға дейін Қорға капиталға айналдыру үшін бағдарламалар бойынша жалпы көлемі 37,1 млн. теңгені құрайтын қаражат бөлінді. 2008 және 2012 жылдары сәйкесінше 7,8 млрд. және 28 млрд. теңге капиталға айналдыру мақсатында қаражатты шартты түрде орналастыру бағдарламалары бойынша кәсіпкерлікті дамыту үшін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-мен бөлінді.

Қорды капиталдандыру




² Дереккөзі: Financing SMEs and Entrepreneurs 2017 - An OECD Scoreboard (<http://www.oecd.org/cfe/smes/financing-smes-and-entrepreneurs-23065265.htm>)

Дереккөзі: Қор деректері

2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдайға сәйкес, Қордың активтерінің көлемі 394,4 млрд. теңгені құрады, Қор активтерінің 59%-ын қарыз қоржыны құрайды.

Баланс көрсеткіштері



Дереккөзі: Қор деректері

2016 жылғы қаржы және шаруашылық жұмысының нәтижесіне сәйкес, Қор 5,6 млрд. теңге көлемінде таза табысқа қол жеткізді. 2015 жылы Қор 15,7 млрд. теңге көлемінде таза табыс деңгейін қамтамасыз етті.

Табыстылық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2014ж.	2015ж.	2016ж.
ROA, активтердің табыстылығы	1,9%	5,4%	1,6%
ROE, капиталдың табыстылығы	5,0%	17,6%	5,8%
Жұмыстың табыстылығы	37,8%	35,1%	17,3%
Таза табыс, млн. теңге	4 141	15 656	5 593
NI margin	27,7%	25,5%	19,6%

Жалпы алғанда, Қордың капитал деңгейі жоғары, бұл келешекте борышты қаржыландыруды (бюджеттен, халықаралық қаржы институттарынан алынатын қарыз, облигациялық қарыз) көптеп тартуға және соның есебінен активтер көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді

1.4.3. Қордың даму стратегиясының НӨК көрсеткіштерінің орындалуының талдауы

Бұған дейін Стратегия «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на кіріктірілген тиімді даму институтын құру және екі стратегиялық бағытты жүзеге асыру міндетін орындау үшін жұмыстың негізгі 23 көрсеткішін белгілеген болатын. 1) МШОК субъектілеріне ұсынылатын қаржылай қолдауды қамтамасыз ету және 2) МШОК субъектілерінің біліктілігін жетілдіру.

«Активтердің табыстылығы (ROA)» негізгі өнімділік көрсеткіші 2016 жылғы жұмыстың нәтижесі бойынша 1,6%-ды құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда (5,4%) 70,3%-ға төмен.

«Капиталдың табыстылығы (ROE)» негізгі өнімділік көрсеткіші 5,8%-ды құрайды, бұл 2015 жылмен салыстырғанда (17,6%) 67%-ға төмен.

«Жұмыстың табыстылығы» негізгі өнімділік көрсеткіші 17,3%-ды құрайды. Бұл көрсеткіш 2015 жылы 35,1%-ды құраған болатын.

Табыстылық көрсеткіштері бойынша (ROA, ROE, жұмыстың табыстылығы) орындалу деңгейінің 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда төмендеуінің себебі жоспарланған таза табыс деңгейіне жете алмаумен байланысты болып отыр. «Таза табыс» көрсеткішінің жоспарлы мәні 6,5 млрд. теңге болса, нақты орындалуы 5,5 млрд. теңгені құрады, яғни «Таза табыс» көрсеткішінің пайыздық орындалуы 85%-ды құрады.

Көрсеткіштердің орындалмауы дефолт нәтижесінде орын алған «Қазинвестбанк» АҚ-ның, сондай-ақ, «Дельтабанк» АҚ-ның міндеттемесі бойынша қаржы активтерінің құнсыздануынан болған зиянды өтуден туындаған шығындардың 2016 жылғы шығындарда көрініс табуымен байланысты болып отыр. 2016 жылы ресурстар бойынша шығындар 12,7 млрд. теңгені құрады, жоспарлы мән 2,5 млрд. теңге болатын.

2016 жылғы Қаржы нәтижесі 15,6 млрд. теңгені құрады, жоспар 3,7 млрд. теңгені құрады. Асыра орындау көрсеткіші 318%-ды құрады. Жоспарды асыра орындаудың себебі Азия даму банкі (әрі қарай - АДБ) валюталық қарыздары бойынша айырбасты қайта есептеу нәтижесінде алынған 44,05 млрд. теңге көлеміндегі қаржылай емес жоспарланбаған табыстың 2016 жылы қабылдануымен байланысты болып отыр.

«Уақытша бос қаражаттың (әрі қарай - УБҚ) орташа табыстылығы» негізгі өнімділік көрсеткіші 2016 жылы 14,23%-ды құрады, бұл 2015 жылмен (10,6%) салыстырғанда 34%-ға артық. Өсім негізінен бағалы қағаздар бойынша орта табыстылықтың (-1,7%)-дан 12,89%-ға дейін артуымен, ағымдағы шоттар бойынша табыстылықтың 10,7%-дан 14,92%-ға артуымен байланысты болып отыр. Бұл ретте депозиттер бойынша орташа табыстылық көрсеткіші 36,69%-дан 12,72%-ға төмендеді, валютадағы депозит бойынша курс айырмашылығынан болатын табыстың 2016 жылғы ұлттық валюта курсына тұрақтандырудың әсерінен біршама азаюымен байланысты болды.

«Еңбек өнімділігі» негізгі өнімділік көрсеткіші 58 500 мың теңгені құрады, бұл көрсеткіш 2015 жылмен (47 145 мың теңге) салыстырғанда 24 %-ға артық.

«NI margin» негізгі өнімділік көрсеткіші 2016 жылы 19,6%-ды құрады. 2015 жылы бұл көрсеткіштің орындалуы 25,5%-ды құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 23%-ға төмен.

«NI margin» көрсеткішінің 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда төмендеуінің себебі негізгі жұмыстан алынатын табыс бойынша жоспардың орындалмауымен (курс бағамындағы айырмашылықтан алынатын табыс, қарыз дисконттарының өтемпұлы), яғни Қор бағдарламаларын жүзеге асырумен байланысты болып отыр.

Есептік кезеңде «Казкоммерцбанк» АҚ-мен АДБ-нен алынған 16,3 млрд. көлеміндегі қарыз уақытынан бұрын өтелді, сондай-ақ АДБ 4-траншының аясындағы 7,2 млрд. теңге көлеміндегі қаражат алынбады және игерілмеді.

«Қарыз қоржынының сапасы (азық-түліктің қарыз қоржынына шаққандағы деңгейі)» негізгі өнімділік көрсеткіші 2016 жылы 3,7%-ды құрады, бұл көрсеткіші 2015 жылы 0,2%-ды құрады. Көрсеткіштің артуы дефолт нәтижесінде орын алған «Қазинвестбанк» АҚ-ның, сондай-ақ, «Дельтабанк» АҚ-ның міндеттемесі бойынша қаржы активтерінің құнсыздануынан болған зиянды өтуден туындаған ресурс шығындарының 2016 жылғы

шығындарда көрініс табуымен байланысты болып отыр. 2016 жылғы ресурстар бойынша жалпы шығындар 12,7 млрд. теңгені құрады, жоспарлы мән 2,5 млрд. болатын.

«Қор сатып алуларындағы жергілікті қамтудың үлесі» негізгі өнімділік көрсеткіші тауарлар бойынша 20%-ды құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда (14%) 42%-ға артық, жұмыстар мен қызметтер бойынша – 94%, бұл 2015 жылмен салыстырғанда (96%) 2%-ға төмен.

Жоспарлы мәнге қол жеткізе алмаудың себебі Қор сатып алатын тауарлардың Қазақстан Республикасы аумағында өндірілмеуімен (сатып алынатын тауарлардың көп бөлігі - бағдарламалық жасақтамалар және бағдарламалық жасақтамаларға арналған лицензиялар) байланысты.

Бұл ретте аталмыш көрсеткіштер бастапқыда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 29 қазанындағы №1135 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жергілікті қамтуды дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес белгіленгенін атап өткеніміз жөн.

«Даму» кәсіпкерлікке қолдау көрсету қоры» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған Стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыру бойынша 2015-2016 жылдарға арналған Шаралар жоспарын жетілдіру кезінде «Қор сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесін арттыру» көрсеткіші өзгеріссіз қалдырылған болатын, өйткені көрсеткіш Қазақстан Республикасы инвестиция және даму министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында көрсетілген болатын. Қордың қазіргі таңдағы жұмысының ерекшелігін ескерсек, тауарлар бойынша белгіленген көрсеткішке (49%) қол жеткізу мүмкін емес, өйткені Қор сатып алатын тауарлар тізімінде Қазақстанда өндірілетін тек қана бірнеше атаулар бар. Бұл ретте бұл тауарлардағы, жанар-жағармайларды есептемегенде жергілікті қамтудың пайыздық үлесі орташа есеппен 25%-дан аспайды.

«Қарыз/Капитал» негізгі өнімділік көрсеткіші 2016 жылдың нәтижесі бойынша 2,5-ке тең, бұл 2015 жылғы көрсеткішпен бірдей.

«Несие рейтингі» негізгі өнімділік көрсеткіші мемлекеттік тәуелсіз рейтингтің деңгейінде «Standard & Poor's» (S&P) рейтинг агенттігімен берілді.

«Нарықта әрекет ететін МШОК субъектілерінің жалпы санындағы қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің үлесі» және «Өңдеу өнеркәсібіндегі МШОК субъектілерін қамту үлесі» негізгі өнімділік көрсеткіштерінің орындалуы жоспарлы мәннен асты, бұл Қор тарапынан қаржы бағдарламалары және біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша қолдау көрсетілген МШОК субъектілері санының артуымен байланысты.

«Халық арасында Қордың танылу деңгейі» негізгі өнімділік көрсеткіші 2016 жылы 100%-ды құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда (93%) 7%-ға артық.

«ЖІӨ-дегі активтердің үлесі» негізгі өнімділік көрсеткіші 0,8%-ды құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда (0,6%) 33%-ға артық.

«Несиелік қоржын» негізгі өнімділік көрсеткіші. Несиелік қоржын деңгейі 2016 жылы 205 млрд. теңгені құрады, ал 2015 жылы бұл көрсеткіш 247 млрд. теңге болған еді.

«Жалпы активтердегі несие қоржынының үлесі» негізгі өнімділік көрсеткіші. 2016 жылы жалпы активтердегі несие қоржынының үлесі 58,8%-ды құрады. 2015 жылы бұл көрсеткіш 86%-ды құрады.

2016 жылы қоржынның 2015 жылмен салыстырғанда 42 млрд. теңгеге азаюы АДБ қаражаты аясында «Казкоммерцбанк» АҚ алған 16,3 млрд.теңге көлеміндегі қарызды өтеумен, АДБ тарапынан 4-транш шеңберінде ұсынылатын 7,2 млрд. теңгенің алынбауымен, сондай-ақ «Қазинвестбанк» АҚ-на берілген қарыз есебінен (олар бойынша ресурс бойынша шығындар қалыптастырылды) несиелік қоржынның төмендеуімен байланысты.

«Қаржы бағдарламалары негізінде кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаржы көлемі» негізгі өнімділік көрсеткіші 606 млрд. теңгені құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда (523,7 млрд. теңге) 16%-ға артық. 2016 жылы көрсеткіштің артуы ҚР ҰҚ өңдеу өнеркәсібіндегі МШОК субъектілерін қолдау мақсатында бөлген қаражаттың белсенді игерілуі арқасында орын алды.

«Бюджеттік емес көздерден МШОК субъектілерін қаржыландыру үшін тартылған қаражат көлемі» негізгі өнімділік көрсеткіші 2016 жылы 71%-ды құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда (61%) 10%-ға артық. 2016 жылы Қор ЕҚҚДБ-мен белсенді жұмыс жасады, Қордың корпоративтік кепілімен «ЦентрКредит Банкі» АҚ, «КМФ» МҚҰ» ЖШС және «Forte Bank» АҚ-на 22,3 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлінді.

«КБО тұтынушыларының саны» негізгі өнімділік көрсеткіші 2016 жылы 90 923-ке жуық адамды құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда (71 786 адам) 27%-ға артық. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары (әрі қарай - КҚКО) және Мобильді кәсіпкерлікке қолдау көрсету орталықтары (әрі қарай - МКҚКО) тұтынушыларының санының артуы берілетін кеңес бағыттарының көбеюімен және кәсіпкерлік бастамасы бар халықтың белсенділігінің артуымен байланысты.

«Оқыту бағдарламалары бойынша қатысушылардың саны» негізгі өнімділік көрсеткіші 5 988 адамды құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда (27 916 мың) 79%-ға төмен. 2016 жылы көрсеткіштің төмендеуінің себебі бұл қызметтің Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасына (әрі қарай - КҰП) берілуімен байланысты.

«Өз бизнестерін ашқан оқыту бағдарламалары қатысушыларының үлесі» негізгі өнімділік көрсеткіші 2016 жылы 12%-ды құрады, бұл 2015 жылғы нақты орындалу көрсеткішіне (12%) тең.

«Кәсіпкерлердің өткізілген оқытумен қанағаттану деңгейі» негізгі өнімділік көрсеткіші 94,6%-ды құрады, бұл 2015 жылғы (94,1%) көрсеткішке жақын.

«Қашықтан ұсынылатын қызметтерді алған Қор тұтынушыларының саны» негізгі өнімділік көрсеткіші 2016 жылы 54 765 адамды құрады, бұл 2015 жылмен (59 705 адам) салыстырғанда 8%-ға төмен. Бұл 2015 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылдың 31 наурызындағы № 168 Қаулысымен бекітілген «БЖК - 2020» бағдарламасы аясында кәсіпкерлерге ұсынылатын бірқатар қаржылай емес қолдаудың КҰП-на берілуімен байланысты, ол өз кезегінде қоңырау шалу орталықтарына хабарласу мен онлайн түрде кеңес алуға жүгінудің санын азайтты.

№	Көрсеткіштер	2015 ж. (нақты)	2016 ж. (жоспа р)	2016 ж. (нақты)	орындалу %
	<i>«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на кіріктірілген тиімді даму институтын құру</i>				
	<i>Жұмыстың операциялық және қаржы нәтижелерінің шығынсыз деңгейін қамтамасыз ету</i>				
1	ROA, активтердің табыстылығы, %	5,4	1,8	1,6	88%
2	ROE, капиталдың табыстылығы, %	17,6	6,7	5,8	86%
3	Жұмыстың табыстылығы, %	35,1	24,1	17,3	72%
4	УБҚ орташа табыстылығы, %	10,6	6	14,23	237%
5	Еңбек өнімділігі, мың теңге	47 145	60 645	58 500	96%
6	NI margin, %	25,5	29,2	19,6	67%
7	Қарыз қоржынының сапасы (ресурстардың қарыз қоржынына шаққандағы деңгейі), %	0,2	0,7	3,7	523%
8	Қор сатып алуларындағы жергілікті қамтудың үлесі				
8.1.	Тауарлар, %	14	49	20	41%
8.2.	Жұмыстар мен қызметтер, %	96	91	94	103%
	<i>Қаржы ресурстарын басқару тиімділігін арттыру</i>				
9	Қарыз/Капитал	2,5	2,4	2,5	108%
10	Несие рейтингі	тәуелсіз	тәуелсіз	тәуелсіз	тәуелсіз
		3	3	мәннен	мәннен төмен

		мәннен төмен емес	мәнне н төмен емес	төмен емес	емес
	<i>Жұмыс ашықтығы мен халықтың сенім деңгейін арттыру</i>				
11	Нарықта әрекет ететін МШОК субъектілерінің жалпы санындағы қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің үлесі, %	6,4	4,1	5,4	132%
12	Халық арасында Қордың танылу деңгейі, %	93	80	100	125%
	<i>1-стратегиялық бағыт. МШОК субъектілеріне қаржылай қолдау көрсету</i>				
	<i>МШОК субъектілеріне көрсетілетін қаржылай көмек көлемін арттыру</i>				
13	ЖІӨ-дегі активтердің үлесі, %	0,6	0,6%	0,8%	127%
14	Несие қоржыны, млрд. теңге	247	258	205	79%
15	Жалпы активтердегі несие қоржынының үлесі, %	86	71	58,8	83%
16	Қаржы бағдарламалары негізінде кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаржы көлемі (млрд. теңге), соның ішінде:	523,7	451	606	134%
	- сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау жөніндегі несие қоржынының көлемі	260,1	260	331,8	128%
	- несиелерге кепілдік беру жөніндегі несие қоржынының көлемі	27	32	26,9	84%
	- қаржыны шартты түрде орналастыру бағдарламалары бойынша несие қоржынының көлемі	236,6	159	247,3	155%
	<i>Ынтымақтастық бағыттарын және МШОК субъектілерін қаржыландыру / жеке қаржы институттарымен бірлесіп қаржыландыру механизмдерін кеңейту</i>				
17	МШОК субъектілерін қаражатты шартты түрде орналастыру бағдарламалары бойынша берілген несиелер бойынша ЕДБ тарапынан бірлесіп қаржыландырудың мультипликаторы	-	-	-	-
	<i>МШОК субъектілерін қаржыландыру көлемін ұлғайту үшін ішкі және сыртқы нарықта қосымша қорландыру көздерін тарту</i>				
18	Бюджеттік емес көздерден МШОК субъектілерін қаржыландыру үшін тартылған қаражат көлемі, %	61	49	71	145%
	<i>2-стратегиялық бағыт. МШОК субъектілерінің біліктіліктерін дамыту</i>				
	<i>Кәсіпкерлерге арналған кеңес беру қызметтерінің инфрақұрылымын дамыту</i>				
19	КБО тұтынушыларының саны, адам	71 786	70 070	90 923	130%
	<i>Кәсіпкерлерді оқыту және олардың біліктіліктерін арттыру</i>				
20	Оқыту бағдарламалары қатысушыларының саны, адам	27 916	4 780	5 988	125%
21	Өз бизнестерін ашқан оқыту бағдарламалары қатысушыларының үлесі, %	12	12	12	100%
22	Кәсіпкерлердің өткізілген оқытумен қанағаттану деңгейі, %	93	80	94,6	118%
	<i>МШОК-ке арналған бірыңғай ақпараттық алаңды енгізу және қашықтықтан кеңес беруді дамыту</i>				
23	Қашықтықтан қызмет алған Қор тұтынушыларының саны, адам	59 705	54 750	54 765	100%

2014-2016 жылдарға арналған Стратегияны жүзеге асыру бойынша шаралар жоспарын жүзеге асыру жөніндегі есепке сәйкес, 2015-2016 жылдардың қорытындысы бойынша, стратегиялық негізгі өнімділік көрсеткіштерінің көбі орындалды. 23 негізгі өнімділік көрсеткіштерінің ішінен 5 шара орындалмады:

- Жұмыстың табыстылығы көрсеткішінің орындалмауы жоспарланған таза табыс деңгейіне жетпеумен байланысты;
- NI margin көрсеткішінің орындалмауы негізгі жұмыстан, яғни Қор бағдарламаларын жүзеге асыру есебінен түсетін табыс жоспарының орындалмауымен байланысты.
- Көрсеткіштердің жоспарлы мәндерімен салыстырғанда, 2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдайға сәйкес, «Қор сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесін арттыру» көрсеткіші орындалмауда (жоспар 49%, нақты 20%). Жоспарлы

мәнге қол жеткізе алмаудың себебі Қор сатып алатын тауарлардың Қазақстан Республикасы аумағында өндірілмеуімен (сатып алынатын тауарлардың көп бөлігі - бағдарламалық жасақтамалар және бағдарламалық жасақтамаларға арналған лицензиялар) байланысты.

- «Даму» және оның командасы» корпоративтік бюллетенін шығару - бюллетень бюджетте қаражаттың болмауына байланысты шығарылмады.
- ДБ-тен мемлекеттік кепіл ұсына отырып 200 млн. АҚШ доллары көлемінде қаржы тарту қарыз алу мәселесі ДБ тарапынан уақытша тоқтатылды. ҚР ҰБ ұсынған валюталық қауіптерді сақтандыру шарттары, соның ішінде өтеудің шектелген мерзімі мен банк маржасының шектеулілігі ДБ-ті қанағаттандырмады. Бұл шарттар ДБ инвестициялық қаржыландыруға қолдау көрсету мақсатында ұсынатын қарыз мақсаттарына, сондай-ақ тұрақты немесе шектелген пайыздық мөлшерлемелердің алдын алуға бағытталған несие саясатына сай келмейді.

1.5. SWOT-талдау

Ішкі және сыртқы ортаға талдау нәтижесінде Қордың мықты және әлсіз жақтары, сондай-ақ қолжетімді мүмкіндіктер мен қауіптер анықталды, олар төменде берілген.

S - Мықты жақтары	W – Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> • Сенімді акционердің болуы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ), Холдингтің ЕҰ-мен өзара тиімді ынтымақтастық • Активтердің, пайыздық табыстардың және Қор кірістілігінің өсуі • Егеменді деңгейдегі S&P несиелік рейтингінің болуы • МШОК-ты қолдау бойынша ұзақ мерзімді тәжірибе • МШОК-ты қолдау бойынша шаралардың кең спектрі • Кәсіпкерлерді қолдау құралдарымен қамтамасыз етуді барынша кеңейтуге мүмкіндік беретін кәсіпкерлер құзыреттілігінің филиалдары мен Орталықтарының дамыған аймақтық желісі • Қор МШОК секторына қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік тұрақтандыру бағдарламасының және «БЖК - 2020 бағдарламасының операторы болып табылады. • Қолдаудың ретке келтірілген және тиімді механизмдері және оларды іске асырудың ашықтығы • Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікке бағыттылық • Қаржылық институттарында жұмыс жасау бойынша тәжірибелері бар кәсіпқой мамандар тобы • МШОК-ға қолдау көрсетіп жатқан шетелдік ұйымдармен көп жылдық серіктестік 	<ul style="list-style-type: none"> • Қор табыстылығының жеткіліксіздігі • Қор штатын көбейту бойынша мүмкіндіктердің шектелгендігі • Микро және шағын кәсіпкерлер үшін Қордың қаржылық қызметтеріне қолжетімділіктің төмендігі • Қызметтің табыстылығын қамтамасыз ету бойынша міндеттерді әлеуметке бағытталған бейкоммерциялық бағдарламаларды жүзеге асырумен қиыстыру • Серіктес банктердің қаржылық жағдайларының нашарлау қаупі Нәтижесінде «Даму» Қорының несиелік қауіптерінің көбею мүмкіндігі
O – Мүмкіндіктер	T – Қауіп-қатерлер
<ul style="list-style-type: none"> • Бизнес құру және жүргізу шарттары жақсарып келеді (Doing business) • Жеке инвесторлардың активтерді жекешелендіруі • Жеке инвесторларды «Даму» Қорының қызметіне тарту және қорландыру көздерін жоспарлы әртараптандыру 	<ul style="list-style-type: none"> • Ұлттық валютаның әлсіздеуі • Кәсіпкерлікті қолдау бойынша қаржылық бағдарламаларға мемлекеттік бюджеттен кететін шығындарды азайту • Мемлекеттік қорландырудың қысқартылуы • Контрагенттер (қаржылық серіктестер, МШОК) дефлотының қаупі

<ul style="list-style-type: none"> • Қаржылық қызметтерді алу үшін қолжетімді арналарды ұйымдастырудың қажеттілігі, олардың бизнес саласындағы қолжетімді білімдері мен дағдылары туралы және «Даму» Қоры өнімдері мен қызметтері туралы хабардарлықтың артуы • Нарық қажеттіліктерін қанағаттандыратын МШОК-ны қолдау бойынша жаңа тиімді құралдарға деген қажеттілік • Дүниежүзі елдерінің ұқсас ұйымдарымен серіктестік қатынастарды дамыту 	<ul style="list-style-type: none"> • Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің (әрі қарай - ЖКС) тарапынан мемлекеттің қатысуымен құрылған кәсіпкерлікке қолдау көрсететін компанияларға деген сенімінің төмен деңгейі • Бизнесі жүргізу саласындағы кәсіпкерлер біліктілігінің төмен деңгейі
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

1.6. Бенчмаркинг

Даму стратегиясын, сондай-ақ МШОК секторына қолдау көрсету бағдарламаларын жетілдіру кезінде «Даму» қоры жергілікті нарықтың ерекшеліктері мен аталмыш тәжірибені Қазақстан жағдайында қолданудың тиімділігін ескере отырып мемлекеттік қолдау көрсетудің шетелдік тәжірибесін пайдаланады.

Даму стратегиясын жүзеге асырудағы белсенділікті арттыру жұмыстары аясында Қор 2016 жылы Оңтүстік Кореяның (KODIT және SBC), Малайзияның (SME Corp.), Сингапурдың (SPRING Singapore) және Түркияның (KOSGEB) осындай даму институттарына бірқатар параметрлер бойынша талдау жасады: миссия және мақсат, жұмыстың стратегиялық бағыттары және қолданылатын бизнеске қолдау көрсету құралдары.

Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингіне сәйкес, Сингапур сегіз жыл бойы бизнесті жүргізуге қажетті жағдай жасау жөніндегі ең үздік мемлекеттердің бірі ретінде танылып келеді. МШОК Сингапур экономикасында маңызды рөл атқарады.

Сингапурдағы кәсіпкерлікке қолдау көрсету жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыратын мемлекеттік ұйым - SPRING Singapore агенттігі (Стандартизация, өнімділік және инновациялар жөніндегі комитет) SPRING Singapore талдау жасалған өз секілді институттардан қолдау көрсету құралдарының кең ауқымдылығымен ерекшеленеді.

Бастапқы бизнеске арналған қаржылық, техникалық және ақпараттық қолдау, оның ішінде:

- Гранттар;
- Инвестициялық қорлар және бизнес періштелері қорлары арқылы инвестициялау/бірлесіп инвестициялау;
- Техникалық қолдау: кәсіпкерлерге арналған жұмыс рұқсаты, кәсіпкерлік саласында кәсіби қайта даярлаудан өткізу және экспорттаушыларға арналған техникалық көмек орталығы.

Әрекеттегі бизнес үшін: қаржыландыру, кепіл беру, субсидиялау, салалық кеңестер ұсыну, оқыту.

Қырық жыл бойы корейлік коммерциялық емес мемлекеттік даму институттары KODIT пен SBC те бизнеске қолдау көрсету қызметтерін ұсынып келеді.

KODIT кепіл беру бойынша кең ауқымды қызмет түрлерін ұсынады: банктер мен өзге қаржы серіктестері несиелері бойынша кепілдер, корпоративтік облигациялар, салықтар және баждар бойынша кепілдер, коммерциялық вексельдер бойынша кепілдер, дебиторлық қарызды сақтандыру. Бұдан қоса, нарықты тұрақтандыруға арналған арнайы кепілдер: аралық қаржыландыру және нарық облигацияларын тұрақтандыру бойынша кепілдер.

SBC өз кезегінде кәсіпкерлердің біліктілігін арттыру бойынша бірқатар бағдарламаларды іске асырады. Сөйтіп, жаңа басталған бизнеске: инвестициялар және несие арқылы гибридік қаржыландыру, кәсіпкерлік әлеуеттің кәсіби және техникалық мектептерінің тәрбиелік бағдарламалары, Стартап академия. Әрекеттегі бизнес үшін: қоғамдық кәсіпорындарға арналған кепілдер, қайта іске қосылатын кәсіпорындар қоры, қаржылай емес қолдау (МШОК секторына адам ресурстарын ұсыну,

МШОК кадр әлеуетіне қолдау көрсету бағдарламасы, салалық мамандарды оқыту, МШОК секторында ұзақ мерзімде жұмыс істейтін қызметкерлерді тұрғын-үймен қамтамасыз ету, МШОК талаптарына сәйкес мамандарды технологиялар бойынша оқыту, МШОК секторына корпоративтік диагностика жүргізу және бизнесті дамытудың жол картасы).

KOSGEB өзінің мемлекеттік мекеме ретіндегі қызметін 1990 жылдан бері атқарып келеді және жаңадан әске қосылған және жұмыс істеп тұрған бизнестерге арналған қолдау көрсету бағдарламаларын жүзеге асырады: бизнес инкубаторлар, бизнесті ашуға кепілдер, пайызсыз несиелер, дамушы нарықтардағы қолдау көрсету бағдарламалары, МШОК тақырыптық жобаларына қолдау көрсету бағдарламалары, ынтымақтастық және күш біріктіру бағдарламалары (бірлескен жеткізу салаларындағы жобаларға, бірлескен зертханалық жұмысқа, өндіріске қолдау көрсету және т.б.)

Малайзияда Сыртқы сауда және өнеркәсіп министрлігі жанында 1995 жылы SME Corp Malaysia мемлекеттік, орталық үйлестіру агенттігі құрылды. Аталмыш даму институты келесі құралдарды пайдалану арқылы қолдау көрсетуді жүзеге асырады: жаңадан басталған бизнеске - жастарды оқытудың модульдік бағдарламасы, соның ішінде оқудан кейін гранттар алу, университеттерде өтетін кәсіпкерлік әлеуетті дамытуға арналған тағылымдама бағдарламалары; әрекет етуші бизнеске - бизнес акселераторы, жетілдіру және нығайту бағдарламалары (гранттар, несиелер), университеттерде өткізілетін кәсіпкерлерге арналған бағдарламалар, InnoCERT бағдарламасы (инновациялық МШОК субъектілеріне арналған), Rating Score Star – МШОК саласындағы 50 үздік кәсіпорын.

Осылайша, Қор жүргізілген талдау бойынша негізгі қорытындыларға келді:

- Шетелдік ұқсас институттар коммерциялық емес ұйымдар/агенттіктер ретінде қызмет атқарады.
- SPRING Singapore және SME Corp Malaysia құралдарының ауқымы Қордың ағымдағы құралдар жиынтығынан (техникалық қолдау, Стартап компанияларға арналған құралдар, бизнестің инновациялық құрауышына бағытталушылық).
- SPRING Singapore миссиясы қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің ақырғы өнімі мен қызметіне бағытталған (өсімге жағдай жасау және сингапурлық кәсіпорындардың өнімдері мен қызметтеріне қатысты сенім қалыптастыру).
- Кореяда даму институттарының қызметтері үлестірілген: KODIT кепіл беру қоры ретінде қызмет атқарса, SBC қаржыландыру мен оқытуды жүзеге асырады.

Қор және шетелдік даму институттары жүзеге асыратын ұқсас қолдау көрсету бағдарламаларының бірқатарына қарамастан, Қор инновациялық бизнеске қолдау көрсету, кепілдердің кең ауқымы секілді бағдарламаларды жүзеге асырмайды. Бұдан басқа, Қордың банктік емес қаржыландырудың (микроқаржыландыру) үлкен әлеуеті бар.

2. Миссия, мақсат

Қор келесідей миссия мен мақсаты 2023 жылға дейінгі кезеңге белгіледі.

Миссия

Қордың миссиясы - қолдаудың кешенді және тиімді құралдарын пайдалану арқылы Қазақстандағы микро, шағын және орта кәсіпкерліктің (МШОК) тұрақты дамуында белсенді рөл атқару.

Көрініс

Қордың 2023 жылға дейінгі мақсаты - ұлттық даму институты, МШОК секторына қолдау көрсету және дамыту бағдарламаларының бастамашысы және жүзеге асырушысы.

3. Қорды дамытудың стратегиялық бағыттары

Өз миссиясы мен мақсатын жүзеге асыру мақсатында «Даму» қоры екі негізгі стратегиялық бағыт бойынша жұмыс жасайтын болады:

1. Жаңадан бастап жатқан және жұмыс жасап жатқан кәсіпкерлерге қолдау көрсету және оларды жетілдіру.
2. Қордың тұрақты институттық дамуы.

№	Стратегиялық бағыттар	Стратегиялық міндеттер
1	Бастауыш және әрекеттегі кәсіпкерлерге қолдау көрсету және дамыту	Микро-бизнесті несиелеуді кеңейту және МҚҰ мен несиелік серіктестіктердің қолдау құралдарын әзірлеу және іске асыру
		Әрекеттегі МШОК-ның Қордың қаржылық бағдарламалармен қамтылу үлесін арттыру
		Қолдау көрсетілетін МШОК кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыру
2	Қордың тұрақты институционалды дамуы	Қосалқы қаржыландыру көздерінің қаражаттарын тарту
		Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне қол жеткізу
		Бизнес процестерді автоматтандыру
		Корпоративтік басқару деңгейін арттыру

3.1. Бастауыш және әрекеттегі кәсіпкерлерге қолдау көрсету және дамыту

3.1.1. Микро-бизнесті несиелеуді кеңейту және МҚҰ мен несиелік серіктестіктердің қолдау құралдарын әзірлеу және іске асыру

Микроқаржыландыру саласы Қазақстанда біршама қарқынды дамып келе жатқан секторлардың бірі болып табылады. Микроқаржы ұйымдары (әрі қарай - МҚҰ) микро және шағын бизнес субъектілері үшін ең қажетті қаржыландыру көзі болып табылады. Шартты түрді МҚҰ біздің несиелендіру нарығындағы ЕДБ-мен қамтылмаған орнымызды, соның ішінде ауылдық елді мекендердегі несиелендіру рөлін алуы мүмкін. Микроқаржыландыру қызметтерімен мемлекеттің барлық аймақтары қамтылған. Дегенмен де, микроқаржыландыру саласында жоғары пайыздық мөлшерлеме, несие ресурстарының қолжетімділігі, қарыз алушылардың қарызды қайтаруға қабілеттілігімен байланысты бірқатар мәселелер бар. Жоғарыда аталған мәселелерді шешуге мемлекет тарапынан сәйкес шаралар бағытталуы тиіс.

Қазақстандағы микроқаржыландыру саласының біршама айқын ерекшелігі несиеге деген сұранастың ұсыныстан бірнеше есе артық болуы әсерінен туындаған микроқаржыландыру бойынша салыстырмалы түрде жоғары пайыздық мөлшерлемелер болып табылады. Бұл ретте сұраныстың айтарлықтай бөлігі «еріксіз» болып келеді. Ұсыныстың шектеулілігі қарыз капиталын тарту қолжетімділігіндегі кедергілермен байланысты. Микроқаржыландыру секторында бар бірқатар мәселелерді және несиелердің құнының жоғарылығын шешуге қабілетті айтарлықтай тиімді қадам - сұраныс пен ұсынысты теңдестіру. Бұл бағыттағы маңызды қадам микро бизнесті қаржыландыруды кеңейту, МҚҰ мен несие серіктестіктерін қолдау құралдарын жетілдіру және жүзеге асыру.

Қордың бұл бағытының жұмысы кейінірек микроқаржыландыру секторы мен несие серіктестіктерін несиелендіру мақсатында сырттан қаражат тартуға және Қор

бағдарламаларының болашақ қарыз алушылары болып табылатын ықтимал микроқаржы ұйымдарына кәсіби мамандық кеңестік қолдау көрсету бойынша стратегиялық серіктестер іздеуге бағытталған.

Осылайша, аталмыш механизмдердің пайда болуымен әрекет етуші нарық толтырылады, бұған дейін несие тарихының болмауына және ақша айналымының төмен болуынан не өзге де шектеуші факторлардың әсерінен айналмалы қаражаттарын толтыруда қандай да бір қиындықтарға кезіккен микроқаржы ұйымдары қажетті қаржыландыруға қол жеткізеді, бұл оларға айтарлықтай мөлшерде өз несие қоржындарын арттыруға және кәсіпкерлерді қамтуын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, микро және шағын кәсіпорындарды қаржы бағдарламаларымен қамтуды кеңейту аясында Қор «БЖК - 2020» бағдарламасы аясындағы субсидиялау және кепіл беру бағыттары бойынша МҚҰ-на қолдау көрсетудің бағыттарының форматтарын өзгертуді жоспарлап отыр.

Қордың бұл бағыттағы жұмысы келесі НӨК-мен бағаланатын болады:

- МҚҰ қоржынының Қордың несие қоржынындағы үлесі 2023 жылға қарай 2,7%-ға жетеді.
- Қолдау көрсетілген кәсіпкерлердің жалпы санындағы микро және шағын кәсіпкерлердің үлесі 2023 жылға қарай 81,5%-ға жетеді.

3.1.2. Әрекеттегі МШОК-ның Қордың қаржылық бағдарламалармен қамтылу үлесін арттыру

Микро кәсіпорындар үшін қолжетімділіктің кең ауқымдылығын қамтамасыз етуге арналған бағдарлама шарттарын оңтайландыру

Қор Даму стратегиясы аясында қаржы серіктестерінің желісі - ЕДБ, МҚҰ, ЛК арқылы несие ресурстарын шартты түрде орналастыру бағытындағы жұмысын жалғастыратын болады. Микро және шағын бизнес үшін Қор бағдарламалары бойынша несие ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету және қарыз қоржыны қауіптерін әртараптандыру үшін, сондай-ақ Қордың қаражатын шартты түрде орналастыру бағдарламаларымен жаппай қамтуды жүзеге асыру үшін келесі жұмыстарды орындау жоспарланып отыр:

- Қарыздың максималды көлемін азайтуға қатысты бағдарлама шарттарын оңтайландыру;
- Салалық шектеулерді жою;
- МҚҰ-ның Қор бағдарламаларына қатысу шарттарын қайта қарау;
- Тиімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік бағдарламаларын жүзеге асыру аясында оператор рөлін атқару.

Несиелік технологияларды және ілеспелі ІТ шешімдерін кезең-кезеңмен енгізу.

Қордың Даму стратегиясын жүзеге асыру аясында несие өнімдерін жүзеге асыру үшін алдыңғы қатарлы әдістерді енгізу бойынша Қор несиелік технологияларды және ілеспелі ІТ шешімдерін кезең-кезеңмен енгізуді жоспарлап отыр.

Аталмыш технологияларды енгізу микро және шағын бизнеске арналған несиелер бойынша шешім қабылдау жылдамдығын талдау сапасына нұқсан келтірмей арттыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп, «Даму Блиц» технологиялары аясында қарыз беру бойынша шешімдер қабылдау процесін жеделдету бойынша Қор 20107 жылдың соңына дейін барлық бағдарламаларға технологияларды енгізуді жоспарлап отыр. 2018 жылдан бастап өзінің барлық қаражатты шартты түрде орналастыру бағдарламалары бойынша микро және шағын кәсіпкерлердің несие беруге қатысты өтініштерін жедел түрде қарастыру тәжірибесін енгізу ойластырылуда.

«Даму Блиц» технологиясы шеңберінде несиелік талдау процесін автоматтандыру бойынша Қор алдыңғы қатарлы планшеттік шешімдерді қолданатын болады. Несиелік технологияларды және планшеттік шешімдерді тиімді түрде енгізу үшін Қор серіктес ұйымдардың қызметкерлерін оқытуды қарастыратын болады.

Қолжетімді ақпараттық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында Қор Big Data технологиясын қолдануды жоспарлап отыр. Бұл шешімді қолдану Қорға өнімдерді және ықтимал орындарды жаңа сұранысқа өнімдерді жетілдіру үшін де, жетілдірілген бағдарламаларды алға қарай тиімді жылжыту үшін де сегменттеу мүмкіндігін ұсынады.

1) МШОК субъектілерін ЕДБ, ЛК, МҚҰ арқылы қаржыландыру

Қор кейінірек МШОК субъектілерін несиелендіру мақсатында ЕДБ-де қаражатты шартты түрде орналастыру бағдарламалары бойынша мемлекеттік қаражатты басқару жөніндегі оператор болып табылады.

Қаражатты шартты түрде орналастыру Қазақстандағы МШОК субъектілеріне қаржылай қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың құралдарының бірі болып табылады.

ЕДБ-де қаражатты шартты түрде орналастыру Қордың ЕДБ түрінде көрініс тапқан серіктестеріне қаржылай ресурстарды (қорландыруды) белгілі бір (мақсатты және шектеуші) шарттар негізінде әрі қарай МШОК субъектілерін несиелендіру мақсатында ұсынуы арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте серіктес банктермен жұмыс жасаудың негізгі қағидаларының бірі олардың ішкі процедураларына және несие беру процестеріне Қор тарапынан араласпау саясаты, сондай-ақ олардың қабылдаған шешімдерге қатысты қауіптер үшін толық жауапкершілікті өз мойнынан алуы болып табылады. МШОК субъектілерін аталмыш Бағдарлама аясында серіктес банктер арқылы қаржыландыру жұмыс түрлеріне шектеулер қоймауға негізделіп, Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынған жұмыстардан өзге жұмыс түрлеріне ұсынылады.

Қаражатты шартты түрде орналастыру бағдарламаларын әрі қарай жүзеге асыру МШОК субъектілері үшін несие ресурстарының қолжетімділік деңгейін ЕДБ-ді қосымша қорландыру және сыйақы мөлшерлемесінің көлеміне қатысты шектеуші шарттарды белгілеу, сондай-ақ аймақтар және салалар бойынша несиелердің бөлудегі үйлеспеушіліктерді қысқарту арқылы арттыруға мүмкіндік туғызады.

2010 жылдан бері «Даму» қоры белгілі бір өңір үшін басым болып саналатын саладағы МШОК жобаларын қаржыландыру арқылы МШОК-ке қолдау көрсету және оны дамыту жөніндегі аймақтық бағдарламаларды жүзеге асырудың тиімділігін арттыруға бағытталған аймақтық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру бағдарламасын (әрі қарай - Бағдарлама) жүзеге асырып келеді.

Бағдарлама жергілікті атқарушы органдардың (әрі қарай - ЖАО) қаражаты есебінен, сондай-ақ МШОК жобаларын әрі қарай қаржыландыру мақсатында екінші деңгейдегі банктерде орналастырылатын Қордың өзінің және тартылған қаражаттардың есебінен бірлесіп қаржыландыру негізінде жүзеге асырылады.

Бұл бағдарламаның ерекшелігі аймақтың экономикалық дамуының айрықшалықтарына байланысты бизнестің белгілі бір саласына екпін қойла отырып жергілікті биліктің тілектері ескерілуінде.

Бағдарламаның негізгі міндеті - басым салалардағы/облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың аумақтық бірліктеріндегі МШОК субъектілеріне жеңілдік шарттары негізінде қаржылай қолдау көрсету.

«Даму» қоры бағдарламалары аясында лизингтік мәмілелерді жеңілдікті шарттар негізінде қаржыландыру МШОК субъектілеріне негізгі қаражаттарын кеңейту және жаңғырту мүмкіндігін береді.

Меншікті қаражат та, тартылған қаражат та, соның ішінде халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаттары бағдарламаның қаражат көздері бола алады.

Қазақстандағы лизинг нарығын қаржыландырудың орын алған трендін ескере отырып, Қор лизингтік компанияларға қаражат орналастыруын жалғастыратын болады. Бұл шара МШОК субъектілерінің негізгі қорын жаңартуға әсер ететін болады.

2016 жылдан бастап түрлі себептерге (кепілдің, есептердің болмауы, бизнестің қашықта орналасуы және т.б.) байланысты банктік қаржыландыруды алуға мүмкіндігі жоқ микро және шағын кәсіпорындардың қаржыландыруға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қор меншікті қаражаты есебінен ресурстарды МҚҰ арқылы шартты түрде орналастыру бағдарламасын жүзеге асыруды бастады. Даму стратегиясы аясында Қор МҚҰ арқылы орналастыратын қаражат көлемін өзінің меншікті қаражаты есебінен де, тартылған ресурстар есебінен де арттыруды жалғастыратын болады.

2) Жаңа тиімді инвестициялық жобаларды, сондай-ақ «БЖК - 2020» бағдарламасы бойынша өндірісті жаңғырту және кеңейтуге бағытталған жаңа/бұрыннан бар несиелер/қаржы лизингі келісімшарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау «БЖК - 2020» бағдарламасы аясында жүзеге асады.

«БЖК - 2020» бағдарламасын жүзеге асыру кезеңінде субсидиялау құралы кәсіпкерлер арасында танымалдылыққа ие болды, экономиканың басым секторларына несиелер тарту жөнінен жақсы нәтиже көрсетті.

МШОК субъектілерінің аталмыш қолдау құралына қолжетімділігін артыруға қатысты шарттар бойынша «БЖК - 2020» шарттарына келесідей өзгерістер енгізу жоспарланып отыр: Келесілер бойынша оңтайландыру:

1) Айналым қаражатын толықтыруға бағытталған несиелерді 100%-ға субсидиялау;

2) Субсидиялау мерзімін әрі қарай ұзартусыз 5 жылға дейін арттыру;

3) Халықаралық қаржы институттары ЖКС-не теңгеде берген несиелерді субсидиялау.

Қор жүзеге асырушы агенті ретінде үске асыратын «Нұрлы жер» бағдарламасының негізгі міндеті болып табылатын тұрғын-үй қолжетімділігін қамтамасыз етуді арттыру мақсатында келесілер қарастырылған:

- екінші деңгейдегі банктер жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тұрғын-үй құрылысы мақсатында беретін несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жүзеге асырылады.

3) МШОК субъектілері несиелеріне кепіл беру

3.1. Қор Қордың сұранысқа ие өнімдерінің бірі болып табылатын, МШОК субъектілерінің несиелер ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз ететін кепіл беру құралын жүзеге асыру бойынша белсенді жұмысын жалғастыруды жоспарлап отыр. Қор «БЖК - 2020» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы несиелерге кепіл беру агенті ретіндегі жұмысын да, «Даму-Оптима» атты өз бағдарламасын жүзеге асыруды да жалғастыратын болады.

МШОК субъектілерінің несиелері бойынша ішінара кепіл беру «БЖК - 2020» бағдарламасының «Жаңа бизнес бастамаларына қолдау көрсету» атты бірінші бағыты аясында жүзеге асырылып жатыр. Қор Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне қаржы агенті қызметтерін ұсынады және олар келесілерді қамтиды:

- кәсіпкерлерге берілетін ЕДБ несиелері бойынша кепіл беруші ретінде қатысу,
- Бағдарламаның орындалу жағдайына мониторинг жасау (соның ішінде жобаның төлем дисциплинасына мониторинг жасау, кепіл берілетін жобалардың орындалу жағдайына мониторинг жасау және т.б.).

ЕДБ үшін бұл құралдың тартымдылығын арттыру үшін Қор «БЖК - 2020» бағдарламасы аясында 2020 жылға дейін толық, қайтарылмайтын кепіл беру бойынша шарттарды оңтайландыруды жоспарлап отыр.

3.2. «Даму-Оптима» бағдарламасы бойынша несиелерге кепіл беру. «Даму Оптима» кепіл беру бағдарламасы банктік несиелер бойынша жеткілікті көлемде кепілі жоқ және «БЖК - 2020» бағдарламасының шарттарына сай келмейтін МШОК субъектілерінің банктік қаржыландыруға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жетілдірілген.

бағдарлама МШОК субъектілеріне келесідей мүмкіндіктер ұсынады:

- қайта қаржыландыруға бағытталған несиелерге кепіл беру;
- «БЖК - 2020» бағдарламасы аясында берілген кепілдің жойылуы кезінде, басым бағыттар бойынша жүргізілген мониторинг барысында сәйкессіздіктер анықталғанда, «Даму-Оптима» бағдарламасы бойынша кепіл беруге ауыстыру;
- кепіл беру келісімшартын толықтай тоқтатудың орнына мақсатқа сәйкес қолданылмаған несие бөлігінің несие көлеміне ара қатынасы мөлшерінде кепіл көлемін азайту;
- несие беру келісімшартының толық мерзіміне кепіл ұсыну.

Бағдарлама кепіл берудің келесі түрлерін қарастырады:

- 1) Жұмыс жасап жатқан кәсіпкерлерге арналған кепілдер. Кепілдің бұл түрі Бағдарлама аясында несие көлемінің 50%-на дейінгі мөлшерде кәсіпкердің ЕДБ алдында міндеттемесін орындайтын дәлелдеу үшін ұсынылатын кепіл алу мүмкіндігін ұсынады.
- 2) Жаңадан бастаған кәсіпкерлерге арналған кепілдер. Кепілдің бұл түрі Бағдарлама аясында несие көлемінің 85%-на дейінгі мөлшерде кәсіпкердің ЕДБ алдында міндеттемесін орындайтын дәлелдеу үшін ұсынылатын кепіл алу мүмкіндігін ұсынады.

Қор Стратегияны жүзеге асыру аясында аталмыш Бағдарлама аясындағы кепілдерді қарастыру және шешім қабылдауға қатысты ішкі процестерді толықтай автоматтандыруды жоспарлап отыр, бұл өз кезегінде кепілдер бойынша өтінімдерді қарастырудың ішкі процесін айтарлықтай оңтайландыруға мүмкіндік береді. 2017 жылы есеп беру және мониторинг жасау бойынша автоматтандыруды енгізу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, Қор МШОК субъектілеріне аталмыш Бағдарлама аясында екінші деңгейдегі банктерге несие алу мақсатында жолыққанға дейін кепілдер ұсыну бойынша жұмысын жалғастыратын болады. Бұл жаңарту МШОК субъектілеріне алынған кепіл түрінде Қор тарапынан қолдауға ие болып, кейінірек несие алғысы келетін ЕДБ-ты таңдауға мүмкіндік береді. ЕДБ шешім қабылдағанға дейін несиелерге кепіл беру бойынша шешімдерді ұсыну Қордың несие бағдарламаларына деген кең ауқымды қолжетімділікті қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Кепіл беру бойынша қордау көрсету құралдарын ұсыну бойынша жедел шешім қабылдау мақсатында Қор «БЖК - 2020» бағдарламасы бойынша да, өзінің «Даму-Оптима» бағдарламасы аясында да планшеттік шешімдерді қолдануды жоспарлап отыр.

4) Жаңа бағдарламалар

2020-2023 жылдарға арналған портфельдік кепілдер бағдарламасын жетілдіру және жүзеге асыру.

Несиелерге кепіл беру МШОК субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсетудің тиімді құралы екенін және жаппай сипатқа ие болуы керек екенін халықаралық тәжірибе көрсетті. Кепіл берудің қолданыстағы бағдарламалары - «БЖК - 2020» да, «Даму-Оптима» бағдарламасы да жобаға қайта экономикалық экспертиза жүргізуді, заңдық экспертиза жүргізуді, қауіпсіздік қызметімен жүргізілетін тексеруді және несие тарихын тексеруді қамтиды, кейбір жағдайларда қауіп жөніндегі менеджердің қорытындысының болуы талап етіледі, бұл біршама уақытты қажет етеді және тұтынушы үшін несие алу процесін ұзартады. Қор кепілдер бойынша жұмыс жылдамдығының бәсеңдетілуін МШОК бағдарламасын жедел түрде жүзеге асырудың шектеуі ретінде қабылдайды. Қор

ұсынатын кепілдерге деген сұраныстың артуына байланысты тұтынушылар тарапынан да, ЕДБ тарапынан да наразылықтар туындауы мүмкін. Қордың несиелік комитетінің статистикасына сәйкес, өтінімдердің тек 4%-на ғана Қор тарапынан теріс шешім берілді, бұл ЕДБ мен Қордың жобалар бойынша шешім қабылдаудағы көзқарастары, әдістері және тәсілдері сәйкес келетінін білдіреді.

Өнімнің мәні қаржы серіктестеріне (ЕДБ, МҚҰ) әр жоба бойынша Қормен келісімге келмей-ақ Қор кепілдерін пайдалануға белгіленген лимит орнатуда болып табылады. Бұл механизмде Қор әдістеме жетілдіріп, нақты критерийлерді анықтауы қажет, бұл шарттар орындалғанда несиелік портфельдік кепілмен қамтамасыз етілген топқа қосылады. Бұл критерийлерді Қор келесілер түрінде белгілей алады: 1). Қор жетілдірген жобаларды қарастыру технологиялары (Даму-Блиц секілді); 2). Қор жетілдірген МШОК жобаларының рейтингтік моделі.

Портфельдік кепілдерге лимит орнатылған жағдайда Қор қаржылық серіктестері үшін (ЕДБ, МҚҰ) қойылатын критерийлер мен жалпы кепілдер қоржынын бойынша дефолтты төмендету үшін мониторинг жүргізудің тиімді жүйесін қарастыратын болады.

Бұл бағдарламаны жүзеге асыру МШОК үшін де, Қордың қаржылық серіктестері (ЕДБ, МҚҰ) үшін де бірқатар мүмкіндіктер ұсынады:

- жеткілікті кепіл болмаған жағдайда да несиелік қолжетімділік;
- Банк кепілімен несиені алу жылдамдығының артуы;
- бағалауға және кепілді рәсімдеуге жұмсалатын уақыт шығынының азаюы;
- өзге банктердің алдында бәсекеге қабелітті артықшылық.

Қор үшін бұл Бағдарлама келесі міндеттердің орындауға мүмкіндік береді:

- кепілдерді рәсімдеу жылдамдығын арттыру;
- кепілдер санын көбейту;
- кепілдерді шығаруға жұмсалатын жалпы әкімшілік шығындарын азайту;
- өзге өнімдер мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін қазыметкерлерді босату.

Тиімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік бағдарламасы бойынша қаржыландыру және несиелерге/микронесиелерге кепіл беру

Тиімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылдың 29 желтоқсанындағы №919 Қаулысымен бекітілді. Бұл Бағдарламаның мақсаты - халықты тиімді түрде жұмыспен қамтуға және азаматтарды кәсіпкерлікке тартуға қолдау көрсету. Бағдарлама еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби дағдалар мен біліктіліктерді алудың тиімді жүйесін құруға, жаппай кәсіпкерлікті дамытуға, еңбек делдалығының тиімді моделін жасауға, соның ішінде халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына қолдау көрсетуға бағытталған. Бұл бағдарламаның операторы - «Даму» қоры, оның міндеті - микроқаржы ұйымдарын, несиелік серіктестерін және екінші деңгейдегі банктерді әрі қарай қалалардағы (кіші қалалардан өзге) қатысушыларға жаңа микро кәсіпорындар ашуы және жұмыс жасап тұрған бизнесін кеңейту үшін микронесиелер ұсыну үшін қорландыру. Дамыған елдердің сәтті тәжірибесі микронесиелеудің дамуы жұмыспен қамту және жаға жұмыс орындарын құру мәселелерін шешуге себепше бола отырып кәсіпкерліктің тиімділігін арттыратындығын және кәсіпкерлік көлемін ұлғайтатындығын айқын көрсетеді.

Интеллектуалдық меншікті сатып алу бойынша мәмілелерді қаржыландыру бағдарламасын жетілдіру және енгізу.

Қазіргі таңда алдыңғы қатарлы шетелдік технологиялар трансферті инновациялық экономикаға өтудің ең тиімді құралдарының бірі саналады, сондай-ақ бұл тұтынушы үшін сапасына нұқсан келтірмей отырып импортты алмастыру бойынша міндеттерді орындау мүмкіндігі болып табылады. Технологиялар трансферті бойынша процесті ынталандыру аясында Қор Стратегия шеңберінде интеллектуалдық меншікті сатып алу (патент, ноу хау және т.б.) жөніндегі жобаларға қолдау көрсетуге бағытталған бағдарлама жетілдіретін болады. Бағдарлама «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның еншілес ұйымы

«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ ұсынған құралдар жиынтығына қоса интеллектуалдық меншікті сатып алу бойынша жобаларға қолдау көрсетудің кешенді шараларын жүзеге асыруды қарастыратын болады. Сәтті түрде қолданылып жүрген технологиялар кәсіпкерлерге еңбек өнімділігін, бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беріп, тауарлар мен қызметтерді өндіру және сатудың ғаламдық тізбегіне қосылу мүмкіндігін ұсынады.

Электрондық сауданы қаржыландыру бағдарламасын жетілдіру және енгізу, сандық платформалар және олардың экожүйелері.

Қазіргі заманда санды технологиялар елдердің экономикасының дамуындағы рөлінің маңыздылығы артып келеді. Қазақстан Республикасы технологиялық жаңарту бойынша басым бағытты жүзеге асыру аясында (Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарындағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы) сандық технологияларды қолдану арқылы жасалатын жаңа индустриаларды дамыту қажет. Сонымен қатар, «Санды Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстанның ЖІӨ-дегі санды технологиялар секторының үлесін 2020 жылға қарай 4,85%-ға дейін арттыру көзделіп отыр. Акселераторлар мен технопарктер түріндегі инновациялық жобалар бойынша идеялар протиптеріне дейін жеткізілетін инфрақұрылымдық платформалардың болуына қарамастан, мұндай жобаларды жүзеге асыру үшін қаржылай қолдау көрсету құралдары қажет.

Сандық технологияларды қолдану арқылы жасалатын жаңа индустрияларды дамытуға қолдау көрсету аясында, сондай-ақ 3D-принтинг, онлайн сауда, мобильдік банкинг, сандық сервистер секілді келешегі бар салаларды денсаулық сақтау, білім беру және экономиканың өзге секторларында дамыту мақсатында Қор электрондық сауданың сандық платформаларды және олардың экожүйелерін қаржыландыру бағдарламасын жетілдіруді және жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Бұл бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі мақсаты Қазақстанның экономикасының түрлі салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін сандық технологияларды жаппай енгізі болмақ.

Краудфандинг/ краудинвестинг платформаларымен ынтымақтастық.

Қор әрекет етуші краудфандинг/ краудинвестинг платформаларымен бірлесіп жұмыс жасауды жоспарлап отыр. Бұл ынтымақтастық жеткілікті көлемде кепілі жоқ немесе жаңа жобаны іске қосуға ресурстары жоқ жаңадан басталған жобалар үшін де, жүзеге асырылып жатқан жобалар үшін де Қордың несиесін және/немесе кепілін тарту мақсатында платформада өз жобаларын таныстырып, жобаны іске қосуға қажетті ресурстарды жинауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жобаны таныстыру және жобаны жүзеге асыруға қажетті ресурстарды жинау мүмкіндігі Қордың Стартап академияларында жобаларды акселерациялау бойынша бағыттарды жүзеге асыру аясында бағдарламадан өткен қатысушыларға да ұсынылатын болады.

Digital DAMU супермаркетін жетілдіру және енгізу.

Digital Damu супермаркеті жеке кәсіпкерлік субъектілеріне өзіне-өзі қызмет көрсету құралдарына негізделген «бір терезе» қағидасы арқылы кәсіпкерлікке қолдау көрсету және дамыту аясында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қызмет көрсетуге бағытталған.

Digital Damu супермаркеті ақпараттық технологиялардың ең жаңа жетістіктерін қолдануға мүмкіндік беретін электрондық алаң болып табылады. Digital Damu платформасының икемді құрылымы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне «өнімдер себетінен» және білім базасынан оңтайлы бағдарламаны таңдау мүмкіндігін ұсыну мақсатында диагностика өткізуге және енгізілген өлшембелгілерге байланысты ЖКС таргеттеуге мүмкіндік береді.

Digital Damu концепциясын жүзеге асыру аясындағы кешенді қызмет жеке кәсіпкерлік субъектілеріне «бір терезеден» ЕДБ, Қор және ЖАО-дан порталда ұсынған өтінімдеріне сәйкес жауап алуға мүмкіндік береді.

Digital Damu супермаркеті «Электрондық үкімет» порталымен бірігуді және жеке кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты мемлекеттік дерекқорлардан алуды қарастыруда, бұл жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын ЕДБ, Қор және ЖАО-ға қағаз түрінде құжаттарды ұсыну талабын жоюға мүмкіндік береді.

Жобаны жүзеге асырудың жоаспарлы мерзімі – 2017 жылдың соңына дейін Digital Damu супермаркетін сынау ортасына енгізу және 2018 жылы тиімді ортаға енгізу.

Қашықтықтан оқыту.

«Кәсіпкерліктің дамуына қашықтықтан өолдау көрсету» жобасының аясындағы қашықтықтан оқыту кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға және Қазақстан аймақтарындағы халықтың кәсіпкерлік біліктілігін арттыруға бағытталған.

Жаңадан бастаған кәсіпкерлерді қашықтықтан оқытудың мақсаты - кәсіпкерліктің негізі бойынша қажетті білім беру және ықтимал кәсіпкерлердің өз ісін ашуға қызығушылығын тудыру мақсатында бизнесті жүргізу дағдаларын үйрету.

Өрекет етуші кәсіпкерлерді қашықтықтан оқытудың мақсаты - білімдерін тереңдету және бизнесті жүргізу бойынша практикалық дағдаларын кеңейту, соның ішінде сату көлемін ұлғайту, қаржы-шаруашылық жұмысының нәтижелерін қадағалау және жобаларды басқарау бойынша маркетингтік құралдарды пайдалануды үйрету, сонымен қатар сату бөлімінің жұмыс жоспарлау және басқару бойынша дағдыларын жетілдіру және жақсарту.

Қашықтықтан оқыту барлық қалаушыларға өзінің орналасқан жеріне қарамастан ұдайы өзінің кәсіби деңгейін көтеруіне мүмкіндік береді, қойылатын жалғыз талап - интернеттің болуы. Мұндай оқыту барысында кәсіпкерлер өз бетінше интерактивтік режимде оқыту-әдістемелік материалдарды игереді, практикалық тапсырмаларды орындайды, тестілеуден өтеді. Тестті сәтті тапсырған жағдайда, оқытудан өтушіге оқытудан өткендігі туралы сертификат беріледі.

Жаңадан бастап жатқан кәсіпкерлерге арналған кешенді шешімдер

Стартаптар бастапқы кезеңде кезігетін мәселелердің бірі орналастыруға қатысты қиындықтар, жұмысты ұйымдастыруға қажетті ғимарат табу болып табылады. Стартаптардың, әдетте, өздерінің жеке кеңселері немесе мұндай бөлмелерді жалға алуға не сатып алуға қажетті қаражаты болмайды.

Бұған қоса, стартаптарға қолдау көрсетуге қажетті инфрақұрылымы бар, алайда олардың тиімді жұмыстарын әрдайым қамтамасыз етуге әрдайым мүмкіндігі бола бермейтін бизнес инкубаторлар, кворкинг орталықтары, технопарктер және т.б. секілді біршама ұйымдардың бар екені байқалуда.

Салалық және жастық шектеулерсіз стартаптарға кешенді қолдау көрсету жөніндегі мәселені жоғарыда аталған инфрақұрылымды қажетті мазмұнмен толтыру және олардың дамуына қажетті қолайла жағдайлар жасау және олардың дамуын жеделдету арқылы шешу мақсатында Қор «Стартап Академия» жобасына бастама берді.

«Стартап Академия» жобасының аясында оқыту өткізу, кеңестік-практикалық қолдау көрсету, тәлімгерлік жүргізу, мамандық қолдау ұсыну, сайыстар өткізу арқылы бәсекеге қабілетті ортаны құру арқылы стартаптардың жедел дамуына қолдау көрсету қарастырылған.

Жобаның негізгі міндеттері:

- Стартаптардың дамуына акселерация арқылы жәрдемдесу;
- Стартаптарға материалдық -техникалық , интеллектуалдық, ақпараттық ресурстар ұсына отырып қолдау көрсету;
- Кәсіпкерлік белсенділіктің дамуын ынталандыру;
- Шағын бизнес субъектілерінің санын арттыру;
- Кәсіпкерлікті қолдау шараларымен қамтылған Стартаптар санын ұлғайту.

Осылайша, Қазақстандағы стартаптарға материалдық-техникалық, интеллектуалдық, ақпараттық және серіктес ұйымдардың өзге әлуетін пайдалан

отырып акселирациялық қолдау көрсету кәсіпкерлік белсенділіктің артуына, бәсекелестіктің дамуына септігін тиігізіп, жаңа жұмыс орындарының құрылуына мүмкіндік береді.

Кеңесшілердің жұмыс форматын өзгерту

Қор пайдаланатын қаржы бағдарламаларына тұтынушаларды тарту және «БЖК - 2020» бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын сервистік қызметтердің функцияларының қайталануын болдырмау мақсатында КҚКО кеңесшілерінің жұмысының форматын өзгерту қарастырылған. КҚКО барлық кеңесшілерінің негізгі міндеті жүзеге асырылып жатқан кәсіпкерлікке қолдау көрсетуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар туралы кеңес берумен қоса, Қор жүзеге асырып жатқан бағдарламалар аясындағы жеке кәсіпкерлік субъектілері жобаларына ЕДБ немесе қаржы ұйымдарын дейін қолдау көрсету болады. Бұған қоса, Қор КОО кеңесшілеріне олардың жобаларына қолдау көрсетуіне мүмкіндік беру мақсатында Жалғыз акционерлердің еншілес ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істеуді жоспарлап отыр.

Қордың бұл бағыттағы жұмысы келесі НӨК-мен бағаланатын болады:

- Нарықта әрекет ететін МШОК субъектілерінің жалпы санындағы қаржылай қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің үлесі 2023 жылға қарай 10%-ды қрайды;
- Жаңа жобалар және еңбек өнімділігін арттыруды және сату нарықтарын кеңейтуді ескере отырып жұмыс жасап жатқан өндірістерді жаңғырту және кеңейту бойынша жобалар саны 2023 жылға дейін 128 000-ға дейін көбейетін болады;
- Қордың қолдау көрсету құралдары қолданылған («Нұрлы жер») тұрғын-үй көлемі 2021 жылға қарай 600 мың шаршы метрді құрайтын болады.
- Стратегияны жүзеге асыру кезеңіндегі Қордың несие қоржынындағы жеке сектордың үлесі 100%-ға жетеді.

3.1.3. МШОК-ның қолдау көрсетіліп жатқан кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету

Шағын және орта бизнес субъектілеріне қаржылай қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік шаралардың негізгі операторы ретінде қызмет ете отырып «Даму» қоры жүзеге асыратын бағдарламалардың қатысушыларының тиімділігін арттыруға қатысты талаптарды енгізу мәселелеріне назар аударады.

Бағдарламалардың қатысушылары болғысы келетін МШОК субъектілерінің жаңа бағдарламаларының тиімділігін қамтамасыз ету үшін тиімді инвестициялық жобалардың, сондай-ақ өнідірсті жаңғыртуға және кеңейтуге бағытталған жобалардың шегін анықтауға қатысты минималды талаптар белгілеу қажет. Сонымен қатар, табыс өсімін арттыруды, міндетті зейнатақы төлемдері және (немесе) әлеуметтік аударымдар бойынша деректер негізінде жұымс орындарының жылдық орташа санын арттыруды және бюджетке төленетін салықты Аймақтық үйлестіру кеңесінің (әрі қарай - АҮК) шешімі қабылданған күннен бастап 2 (екі) қаржы жылы ішінде 10%-ға арттыруды қарастыру қажет.

«Даму» қоры бағдарлама қатысушыларының тиімділігіне мониторинг жүргізу мақсатында 2014 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кіріс комитетімен өзара әрекеттесу туралы Меморандум жасасты. ЖКС салық құпияларын ашу туралы келісімдерінің өтінімдері негізінде Қор мерзімді түрде бағдарлама қатысушыларының салықтық төлемдері, зейнетақы және әлеуметтік аударымдары, жұмыс орындары бойынша деректерді алып отырады. Бұл ақпараттың негізінде Қор жобалардың тиімділігін, салықтық түсімдер мен құрылған жұмыс орындарының өсуін қадағалап отырады.

Жалпы алғанда, тиімділікке қатысты талаптарды «Даму» қоры жетілдіріп, 2016 жылы «Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасына қосты.

«БЖК - 2020» бірыңғай бағдарламасы және «Даму» қоры қаражатын шартты түрде орналастыру бағдарламасы аясындағы мемлекеттік қолдау қазақстандық бизнестің кеңеюіне және дамуына елеулі көмегін тигізіп отыр. Бұл аспектіде МШОК мемлекет экономикасын дамыту, халықтың әлеуметтік қамсыздандырылуын жақсарту үшін қарқынды өсім көрсетуі қажет. «Даму» қоры жаңа бағдарламалар аясында қатысушылардың тиімділігін арттыруға қатысты талап енгізуді және Қор бағдарламалары тарапынан қолдау көрсетілген кәсіпкерлердің экономикалық тиімділігі туралы есеп беру және мониторинг жасауды автоматтандыруды жоспарлап отыр.

Қордың бұл бағыттағы жұмысы келесі НӨК-мен бағаланатын болады:

- Қолдау көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнімнің көлемі Аталмыш көрсеткіш аясында 2023 жылға қарай шығарылатын өнім көлемін 6,1 триллион теңгеге жеткізу көзделіп отыр.
- Қор тарапынан қолдау көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері төлейтін салық өсімін 2023 жылға қарай 17 миллиард теңгеге жеткізу қажет.

Нәтижесінде бұл шаралар МШОК-тің мемлекет экономикасындағы үлесін арттыруға және қолдау көрсетілетін экономика секторларындағы көрсеткіштердің жақсаруына тікелей әсерін тигізеді.

Алдыңғы жылдары Қор қызметі асындағы негізгі жұмыс мемлекеттік бюджет немесе Ұлттық қор қаражатынан қаржыландырылған мемлекеттік бағдарламалардың (2007-2009 жылдарға арналған тұрақтандыру бағдарламасы, «Бизнестің жол картасы 2020», «Нұрлы жол») қаржы агенті функциясын атқарумен байланысты болды. Меншікті капитал көлемінде (100 млрд. теңге - Қазақстан Республикасындағы алдыңғы қатарлы 10 ЕДБ деңгейінде), жоғары несиелік рейтингінде, корпоративтік басқарудың деңгейінде және т.б. көрініс тапқан Қордың қол жеткізілген институциялық даму деңгейінен бөлек, бұл Қорға Даму стратегиясы аясында 2023 жылға дейін компанияның өзінің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан меншікті бағдарламаларының көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Осылайша, 2023 жылға дейін Қор мемлекеттік бағдарламалар, соның ішінде «Бизнестің жол картасы - 2020» бірыңғай бағдарламасы, 2017-2021 жылдарға арналған тиімді жұмыспен қамту мен жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары аясында агент ретіндегі функциясын атқаруды жалғастырады. 2017-2023 жылдар аралығында мемлекеттік бағдарламалар бағыты бойынша қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің санын 16,9 мыңнан 32 мыңға арттыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Қор өнімдер тізбегіндегі меншікті бағдарламаларының, соның ішінде халықаралық қаржы ұйымдары қаражатының есебінен, өзінің меншікті капиталы есебінен, банктермен және жергілікті атқарушы органдары есебінен МШОК субъектілеріне микронесиелер ұсыну және несиелерге кепілдер беру бағдарламасының үлесін арттыратын болады. 2017-2023 жылдар аралығында меншікті бағдарламалар бағыты бойынша қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің санын 15,7 мыңнан 96 мыңға арттыру жоспарланып отыр.

3.2. Қордың тұрақты институционалды дамуы

3.2.1. Қосалқы қаржыландыру көздерінің қаражаттарын тарту

Қазақстанда МШОК-ті дамыту және МШОК субъектілерінің қаржы ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз ету аясында Қор 2017-2023 жылдары бюджеттік қаражаттары есебінен де, мемлекеттік емес қарыз беру көздері есебінен де қаржыландырылатын ағымдағы және жаңа қаржы бағдарламаларын белсенді түрде жүзеге асыруды жалғастыратын болады. Мемлекеттік емес қарыз беру көздерін тарту бойынша жұмыстарды белсендіру бойынша Қор ағымдағы серіктестері - АДБ, ЕҚҚДБ және Еуропа даму банкі секілді халықаралық қаржы институттарымен жұмысын жалғастыратын болады, сондай-ақ халықаралық қаржы институттары және

инвестициялық қорлар түріндегі жаңа ықтимал инвесторлармен ынтымақтастықты оңалтатын болады. Сонымен қатар, тартылатын ресурстарының құнын төмендетуге септігін тигізетін ресурстарды Холдингтің корпоративтік кепілдерін қамтамасыз етуші ретінде пайдалану секілді қолжетімді құралдарды, сондай-ақ валюталық қауіптерді төмендетуге бағытталған қолжетімді құралдарды жетілдіретін болады.

Қорды қорландыру көздерін әртараптандыру бойынша Қор облигациялық бағдарламаларды жүзеге асыру мәселесін нақтылап алуды, сондай-ақ ірі корпоративтік бизнесті инвестор ретінде іске қосуды жоспарлап отыр.

Халықаралық қаржы институттарының қаражатын тарту.

МШОК субъектілеріне қолдау көрсету мақсатында Қор микро, шағын және орта бизнесті ЕДБ мен микроқаржы ұйымдары арқылы 200 млн. АҚШ доллары көлеміндегі АДБ қаражаты есебінен қаржыландыру жобасын жүзеге асыруды көздеп отыр. Қаржыландыруға қолжетімділіктің шектеулілігі МШОК өнімділігін арттырып, секторды дамыту жолындағы басты кедергі болып табылады. МШОК өнімділігін арттыру, сондай-ақ микро өнеркәсіптердің табысы төмен халық үшін табыс көзі ретінде тұрақтылығын қалыптастыру экономиканың шикізаттық емес секторын ынталандыруда маңызды рөл атқарады. Жоба МШОК өндірістік қызметіне тартылатын инвестицияларға қолдау көрсету үшін жергілікті валютада несиелер ұсынуды, сондай-ақ әйел кәсіпкерлерді және Астана және Алматы қалаларынан өзге аймақтарды несиелендіруді ынталандыруды көздейді. Жоба аясында несиелік қауіптерді басқарудың тиімділігін арттыру, таңдалған ЕДБ/микроқаржы ұйымдарының тиімділігін арттыру және МШОК үшін қаржыландыру мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында техникалық көмек ұсынылатын болады. Аталмыш бағдарлама тұрақты құнда МШОК субъектілерін қаржыландыру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді және қарызға алынатын қаражаттың МШОК үшін несие ресурстарын азайту есебінен қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. АДБ қарызы мемлекет экономикасының басым салаларына негізгі екіпінді қоя отырып, МШОК субъектілерінің орташа мерзімді және ұзақ мерзімді тұрақты мөлшерлемедегі қаржыландыруға өол жеткізулеріне мүмкіндік береді.

Жобаны жүзеге асыру келесі әлеуметтік-экономикалық әсерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- МШОК субъектілерін несиелендіру көлемін арттыру;
- бюджетке төленетін салық түсімдерін арттыру;
- жаңа жұмыс орындарын құру;
- МШОК субъектілерінің негізгі қаражатын жаңғыртуды жүзеге асыру;
- МШОК субъектілерінің мемлекеттің ЖІӨ-дегі үлесін өнім шығару арқылы арттыру.

Бұдан басқа, климаттың өзгеруімен күрес, оның зардаптарын жұмсарту және қоршаған ортаны қорғау да Қордың саясатына әсерін тигізді. Бұл мақастта Қор 200 млн. еуродан асатын көлемдегі ЕИБ қаражатын ұлттық валютада тартуды көздеп отыр. Қаражатты ЕДБ арқылы «жасыл бағдарламаларды» қаржыландыруға бағыттау жоспарланып отыр. Әлеуметтік және экономикалық инфрақұрылымды дамытуға арналған жобаларды жүзеге асыратын көлік, энергетика, қоршаған инфрақұрылымды қорғау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және климат өзгерістерінің зардаптарын азайту және бейімделу саласындағы МШОК субъектілері аталмыш өнімнің қатысушылары бола алады. Бұдан басқа, қарыз аясында Қорға және қатысушы банктерге әрі қарай қаржыландырылатын «жасыл жобаларды» таңдауда қолдау көрсету мақсатында 500 мың еуро көлемінде техникалық көмек ұсыну жоспарланып отыр. ЕИБ қаражатын тарту бойынша жобаны жүзеге асыру МШОК негізгі қорын жаңартуға көмектеседі, МШОК қаржыландыру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, атап айтқанда, МШОК қаржылық белсенділігінің деңгейін көтеруге көмектеседі, МШОК жалпы қосылған құнының өсімі, жаңа жұмыс орындарының құрылуы, МШОК қызметкерлері

еңбегін төлеу қорының және олар төлейтін салықтардың ұлғаюы түрінде әлеуметтік-экономикалық әсерін тигізеді.

Облигациялар шығару арқылы қорландыруды іздеу және тарту.

Қаржыландырудың қосымша көздерін тарту аясында Қор облигация шығару арқылы қосымша қаржыландыру көзін тартуды қарастырады. МШОК қаржыландыруының қажеттілігіне байланысты Қор капиталдың ішкі және сыртқы нарықтарында облигациялар шығару арқылы қаржыландыру көздерін тарту мүмкіндіктерін жетілдіретін болады.

Облигация шығару арқылы қарыз беру көздерін тарту кезінде Қордың инвентарлық тартымдылығын арттыру, соның ішінде Қордың тәуелсіз мәннен төмен емес деңгейде несие рейтингін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүзеге асырылатын болады. Қарыз берулер Қордың қаржылық тұрақтығын қамтамасыз ете және белгіленген лимиттер мен ақырғы қаржы коэффициентін сақтай отыра жүзеге асырылады.

Қорды қосымша капиталдандыру

Халықаралық қаржы ұйымдарынан тартылған қаражат түрінде Қор міндеттемесінің артуына байланысты, сондай-ақ, берілген кепілдер түріндегі Қордың шартты міндеттемелерінің болуы және өсу ықтималдығы белгіленген ақырғы немесе шектік деңгейге жетуі мүмкін «несие ықпалы» қалыптасады.

Қаражатты шартты түрде орналастыру бағдарламасы аясында тартылған қаражат қаржы серіктестерінде орналастырылуы тиіс, бұл ретте ЕДБ қарыздары кепілсіз болады. Сонымен қатар, белсенді және сапалы қаржы серіктестерінің санының азаюын/қосылуын ескерсек, несие қоржынын әртараптандыру мүмкіндіктерін қысқартуға алғышарттар бар. Аталмыш факторлар бір қарыз алушыға қауіптердің шоғырлануының өсуіне әкелуі мүмкін.

Бұл қауіп факторлары Қор капиталына қатысты қысым туғызады, өйткені 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап ХҚЕС 39 стандартына қарағанда ресурстарды есептеуде әлдеқайда сақтанымпаздық әдісті қолдайтын ХҚЕС 9 стандарты енгізіледі. Сәйкесінше, ықтимал несие берушілер үшін инвентарлық тартымдылықты сақтап қалу үшін, сондай-ақ, ақымдағы міндеттемелер бойынша тұрақты жағдайды сақтап қалу үшін Қор қосымша капиталдандыру бойынша шаралар жүргізетін болады.

Корпоративтік бизнес қаражатын тарту бағдарламасы.

Ірі бизнесті МШОК-ке қолдау көрсету құралдарын қолдануға тартудың халықаралық тәжірибесінің нәтижесінде Қор корпоративтік бизнес қаражатын тарту бағдарламасын жетілдіру және оны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Қарым-қатынас жүйесі Қордың ЖАО-мен бірге өңірлердегі «нүктелік» бағдарламаны іске асыру тәжірибесіне негізделген.

Қазіргі уақытта Қор корпоративтік бизнес секторының өкілдерімен бірге аталмыш сектордан қаржы тарту бағдарламасын жасақтау бойынша шаралар орындап жатыр.

Корпоративтік бизнес өкілдерінің мақсаты - осы корпоративтік бизнес компанияларының маңында тұрақты МШОК белдігін құру.

МШОК түрлі ISO халықаралық стандарттарына, сондай-ақ бәсекелестік деңгейін арттырып, корпоративтік бизнес секторының сатып алуларында «қазақстандық қамту» үлесін арттыруға әсер ететін басқа да түрлі талаптарға сай болады деп күтілуде.

Болашақ бағдарламаның талқыланып жатқан тұжырымы саланы Қор мен корпоративтік бизнес секторының біріге қаржыландыруын, сондай-ақ корпоративтік бизнес өкілдері үшін Қазақстандағы барлық МШОК кәсіпорындарының дерекқорларына кіру рұқсатын қамтамасыз етуді көздейді.

Қор капиталына инвесторды тарту.

Кәсіпкерлерді жаппай қамту мақсатына қол жеткізу және елдегі жалпы кәсіпкерлердің ішінен МШОК нысандарын 10%-ға дейін қаржылық қолдау бағдарламалармен қамтуды есепке ала отырып, қаржылық бағдарламалар аясында

қолдау ауқымын арттыру үшін Қор қаржылық ресурстарды тарту жолдарын түрлендіреді және қаржыландыру көлемін арттырады. Стратегиялық маңызды іс-шаралардың бірі - Қор капиталына инвестор тарту бойынша жұмыстар жүргізу. Қордың капиталына инвестор болатын мықты стратегиялық серіктес табу Қордың инвестициялық тартымдылығын жақсартуға жол ашады және іске асырылып жатқан қызметті арттырып, кеңейтуге қосымша мүмкіндік береді.

Қордың аталған жұмысының жемістілігі келесі ҚНҚ арқылы өлшенетін болады:

- Есептік жыл ішінде жалпы қарыз алу құрылымы бойынша қарызға алынған қаржы көздерінің мемлекеттік емес нысандарының үлесі 2023 жылға қарай 79%-ды құрайды.

- 2023 жылға қарай қарыз/капитал - 7.

3.2.2. Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне қол жеткізу

Бұл тапсырманы орындау үшін Қор жоспарлау, бюджетті анықтау, басқарушылық есептілік жүйесін қалыптастыру, қызметтің негізгі көрсеткіштерін орнату бағытында бірыңғай әдістерді ендіру бойынша жұмыс жасайды.

Қаржы-экономикалық саясатты іске асыру барысында Қор қаржылық ресурстарды қалыптастыру, үлестіру және пайдалануға байланысты басқару шешімдерін қабылдау және іске асыру қағидаларын басшылыққа алады.

- Қордың жалпы басқару жүйесімен бірігу;
- Басқару шешімдерін қалыптастырудың кешенді сипатта болуы;
- Қордың стратегиялық даму мақсаттарына бағдарлану.

Автоматтандыру аясында және есептілікті жедел жүргізу мақсатында, сондай-ақ басқару есептілігін жүргізудің ерекшеліктерін назарда ұстай отырып, бухгалтерлік есеп деректері негізінде жасалатын бюджеттер бойынша әрбір айналым бабы үшін жоспарлы-нақты көрсеткіштер талдауын жасау, сатып алуларды жоспарлау және іске асыру үдерісін жақсарту үшін Қор тарапынан «1С Кәсіпорын 8» бағдарламасының негізінде іскерлік жоспарлау және бюджетті анықтауға арналған қосалқы жүйе жасақталып, пайдалануға берілді. Бухгалтерлік есеп деректері бойынша қажетті ақпарат қосу және іріктеу функциялары бар нақты мәлімет алу қосалқы жүйесі ендірілген. Бюджет баптары Қордың бухгалтерлік есеп жүйесімен біріктірілген. Оған қоса, «Сатып алуларды басқару және төлем күнтізбесі» қосалқы жүйесі ендірілген.

Қор 2017-2018 жж. көрсетілетін қызметтер (бағдарламалар) бойынша табыс пен шығын есептілігінің айқындығын қамтамасыз ету, үлестіру нәтижелері бойынша есептердің толықтығын қамтамасыз ету және оларға басқару шешімдерін қабылдауға қажетті толық ақпаратты қосуды қамтамасыз ету үшін табыс, шығын және жұмылдырылған активтер бойынша бөлек есеп жүргізу жүйесін ендіруді жоспарлап отыр.

Табыс, шығын және жұмылдырылған активтер бойынша бөлек есеп жүргізу жүйесін ендіру келесі әрекеттер үшін дерек алуға мүмкіндік береді:

- Қор іске асыратын бағдарламалардың өзіндік құны мен пайдасын бағалау (соның ішінде ел бюджетінен алынған қаражаттар бойынша);
- өңірлік филиалдар табыстылығын бағалау;
- ресурстарды пайдалануды оңтайландыру мүмкіндіктерін іздеу.

ТІМ басқару Қордың ақша ағымдарын болжалдау негізінде іске асырылады, ол қаржы-шаруашылық қызметтің қажеттіліктерін көрсетеді және қаржы ағымдарының кідірісін мүмкіндігінше азайтуға бағытталған.

Активтерді басқаруда Қордың негізгі міндеттері - ТІМ түгелдігін, ағымдағы борыштар бойынша төлем қабілетін, туындайтын инвестициялық мүмкіндіктерді қаржыландыру мүмкіндігін және қабылданатын қатерге қарағанда ТІМ табыстылығының тиісті деңгейін қамтамасыз ету.

ТІМ басқарудың негізгі қағидалары - қауіпсіздік (капиталдың түгелдігі), өтімділік (активтерді қысқа мерзім ішінде қаржыға айналдыру) және табыстылық (қауіпсіздік және өтімділік қағидаларын сақтай отырып алуға болатын мүмкіндігінше жоғары табыс).

ТІМ орналастыру Қордың өкілетті органдары тарапынан расталған ішкі құжаттарда бекітілген лимиттер мен шектеулерге сай іске асырылады.

Қауіп-қатерлерді басқару жүйесін жетілдіру аясында “Даму” Қорының қатерлерін басқару үдерісінің негізгі элементі ұйымның ерекше сипаттарын, басты қызмет қағидаларын, бизнес-үдерістерін біріктіру және әрбір қызметкердің қатерлерді басқару үдерісіне қатысуы болып табылады.

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, корпоративтік қатерлерді басқару жүйесі (КҚБЖ) механизмінің табысты әрекет етуінде басты фактор бизнес-үдерістің әрбір қатысушысы қатерлерді басқаруға қатысты өз рөлін нақты түсінетін және әрбір жұмысшының қызметтері мен міндеттері айқын бөлінген атмосфера қалыптастыру болып табылады.

Қор қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес, негізгі қатерлер маңыздылық дәрежесі бойынша келесі ретпен берілген:

- несиелік қатерлер;
- операциялық қатер;
- нарықтық қатерлер;
- өтімділік қатері.

Несиелік қатердің негізгі факторы шартты жайғастыру болып табылады. Қалыптасқан үрдіс бойынша, Қор активтерінің 80-90%-ы ЕДБ, лизингтік компаниялар, микрокредиттік ұйымдар мен құнды қағаздарға салынады, тиісінше, қатерлерді басқаруда қаржылық қатерлер (несиелік, нарықтық) маңыздығы жағынан бірінші орында тұрады. Аталған қатерді барынша азайту үшін Қор ЕДБ-ға лимиттер орнату процедурасын жақсарту бойынша тұрақты жұмыс атқарады. Осы іс-шаралар аясында қатерлерді басқару үдерістерін автоматтандыру, оның ішінде келісімшарт жасасқан бактердің қаржылық жағдайын бағалау және оларға орнатылатын лимит көлемін есептеу, лизингтік компанияларға орнатылатын лимитті есептеу және несиелерді кепілдендіру бағдарламасы аясында ЖКС қаржылық жағдайын бағалау үдерістері автоматтандырылған.

Банк секторында конъюнктураның нашарлауына байланысты, бірқатар ЕДБ қаржылық жағдайы нашарлап, оларға орнатылатын лимит көлемі қысқартылды. Оған қоса, нарықта банктердің қосылуы мен іріленуі орын алуда. Тиісінше, шартты түрде қаржы жайғастыру мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға қатысатын серіктес банктердің қатары сейілді. Осыған байланысты, қарыз алушылардың үлесіне келетін қатер шоғыры ұлғайып, нәтижесінде несиелік қатерлердің мәні артуда. Осыған байланысты, Қор келесі көрсеткіштерді орындау керек: ЕДБ несиелік қатерлерін азайту және нақты қатерлердің бір қарыз алушыға шоғырлануын 2023 жылға дейін Қор жеке капиталының 25%-на дейін түсіру үшін қаржыларды түпкі алушыларға жеткізудің балама әдістерін қарастыру.

Оған қоса, ЕДБ дефолты немесе олардың несиелік келісім бойынша ковенантты бұзуы жағдайларында түпкі Қарыз алушыдан талап ету құқығын тапсыру келісімшарттарын жасау механизмі арқылы қарыздарды қайтару жүйесін әзірлеу жоспарлануда.

Одан бөлек, қатерлерді басқаруда операциялық қатерлер де жетекші орын алады. Бұл ретте ең маңызды қатерлер ақпараттық технологиялармен (АТ) байланысты, яғни басшылықтың жедел әрі тиімді шешім қабылдауында ең маңызды фактор болып саналатын АТ жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және ақпарат алмасу үдерісін автоматтандыру. Есептілікті автоматтандыру және оның тиімділігін арттыру үшін тиісті АТ жүйесі қажет.

АТ қатерлерін барынша азайту аясында Қор бизнестің үздіксіздігіне және АТ жүйесі қызметінің үздіксіздігін тұрақты тексеруге қатысты талаптарды ескере отырып сақтық дерекқорлар жасайды.

Одан бөлек, басқару есептілігін автоматтандыру аясында Қордың корпоративтік басқару жүйесімен біріктіру үшін, автоматизация үдерісі теңгерілген түйінді көрсеткіштер жүйесінің автоматтандыру үдерісімен бір уақытта іске асырылуы керек.

Қордың корпоративтік құнды қағаздарды сатып алу бағытындағы инвестициялық қызметі басым болмағаны үшін, әрі есептік жыл ішінде құнды қағаздар сатып алу бойынша жасалған мәмілелер саны нөлге де тең болуы мүмкін болғаны үшін, нарықтық қатерлер мен өтімділік қатерлері айтарлықтай зиян келтіретін қатерлер санатына жатпайды. Бұл қатерлер Қордың нормативтік құжаттарында ТІМ алу және басқаруға қатысы айқын көрсетілген шектеулермен барынша азайтылады.

Сондықтан да, қатерлерді басқарудың корпоративтік жүйесін әлемдегі үздік көрсеткіштерге жақындату бойынша жүйелі жұмыстардың атқарылуы жалғасу керек. Болашақта Қор КҚБЖ сапасына тұрақты түрде диагностика жасайтын болады.

Қордың бұл бағыттағы жұмысы келесі НӨК-мен бағаланатын болады:

- ROA (конс.) жетілдіру Стратегиясын іске асыру кезеңіндегі минималды оң мәннен кем емес - 1%.
- 2023 жылға қарай несие қоржынның жалпы активтердегі үлесі 91%.

3.2.3. Бизнес процестерді автоматтандыру

Қордың бизнес процестерін оңтайландыруды жүргізу.

Бизнес-үдерістердің максималды нәтижелілігі мен тиімділігіне қол жеткізу үшін, Қорда бизнес-үдерістерді басқару жүйесін қалыптастыру, яғни бизнес-үдерістерді жобалау және басқару арқылы бизнесті ұйымдастыру бойынша жұмыстар атқарылатын болады. Бұл жүйе бизнес-үдерістерді Қордың даму Стратегиясымен байланыстырып, оның іске асыруды қамтамасыз етеді.

Бизнес процестерді оңтайландыру бойынша ұсыныстарды қалыптастыру кезінде келеші критерийлер ескерілетін болады:

- бизнес процестерге жұмсалатын уақыты шығынын азайту;
- бизнес процестерді бақылау мүмкіндігін арттыру;
- ұсынылатын шешімдердің қолданыстағы заңнама мен ішкі құжаттарға сай келуін қамтамасыз ету;
- мемлекеттік қызметті ұсынудың сапасын жақсарту;
- операциялардың қайталануын жою;
- функцияларды қайта бөлу;
- операцияларды автоматтандыру мүмкіндігі;
- қағаз түріндегі қағаз айналымын қысқарту.

Негізгі және қызмет көрсетуші бизнес процестерді автоматтандыру

Негізгі бизнес процестері Қордың негізгі жұмысының бағыттары болып табылатын МШОК тұтынушыларына өнімдер/қызметтер ұсыну процестері екенін ескере отырып, келесі жобаларды енгізу бойынша жұмыс жалғасын табатын болады:

✓ «Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелері бойынша кепілдер ұсыну» мемлекеттік қызметін автоматтандыру бойынша электрондық үкіметтің веб-порталында жарияланған көлемі 180 млн. теңгеден асатын несиелер бойынша;

✓ «Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды ұсыну» мемлекеттік қызметін автоматтандыру бойынша;

✓ DamuDigital атты шағын және орта бизнеске қолдау көрсетудің электрондық супермаркетін құру бойынша.

Бұдан басқа, Қордың инфрақұрылымын қалыптастыратын, тұтынушылары Қордың құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлері болып табылатын негізгі және басқару процестеріне қызмет көрсететін қызмет көрсетуші (қамтамасыз етуші) процестердің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін келесі жобалар жобалар қоржынына енгізілген және олар бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

- ✓ Қор серіктестерінен алынатын есептерді автоматтандыру бойынша;
- ✓ рейтингтік моделді автоматтандыру бойынша;
- ✓ мониторингтің бизнес процестерін автоматтандыру бойынша;
- ✓ операциялық қауіптерді басқару жүйесін автоматтандыру бойынша.

Қордың бұл бағыттағы жұмысы келесі НӨК-мен бағаланатын болады:

- 2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай негізгі бизнес процестерді автоматтандыру 100%-ды құрайды.

3.2.4. Корпоративтік басқару деңгейін арттыру

Қор ұсынған қызметтер сапасын бағалау жүйесін енгізу.

18 кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының операция жүргізу залдарында қызмет көрсетілгеннен кейін тұтынушыларға сауалнама жүргізу арқылы ұсынылатын қызметтердің сапасын бағалауға мүмкіндік беретін CRM сенсорлық құрылғылары орнатылған. Бұдан басқа, бұл құрылғылар кеңес берушілер рейтингін жасауға, қызмет сапасы және Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарына келген тұтынушылардың қанағаттану деңгейіне қатысты мониторинг бойынша жан-жақты ақпаратты жедел түрде жинауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын тұтынушылармен болған әңгімелесудің аудио немесе бейне жазбасын жасау арқылы қадағалауға мүмкіндік беретін функциямен жабдықталған, бұл әсіресе тұтынушылар тарапынан наразылықтар туындаған кездерде аса тиімді.

Қор жұмысының транспаренттілігін қамтамасыз ету

«Даму» қоры Жалғыз акционер белгілеген және Қордың ықтимал инвесторлар үшін тартымдылығын арттыруға, оның ұзақ мерзімді құнын арттыруға, қарыз капиталының құнын азайтуға бағытталған бірыңғай саясатының аясындағы корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша тұрақты түрде жұмыс жүргізіп отырады. Жұмыстың транспаренттілігін арттыру Қордың жұмысына деген сенімділік деңгейін арттырады және сыртқы қорландыру көздерін тартуға және оның құнына оң әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Қор өз жұмысына, қаржы жағдайына, несиелік және дивиденттік саясатына және т.б. қатысты шынайы және өзекті ақпаратпен бөлісіп отырады. Жұмыстың транспаренттілігін арттыру, сондай-ақ, мүдделі тараптардың Қордың жұмысына қатысты сенімділік деңгейін көтеру үшін де қажет.

Қордың ашықтығының сыртқы да, ішкі де мүдделі тараптарға арналған жаңа деңгейі бірнеше бағыттардан тұратын болады:

1) инвестициялық және стратегиялық шешімдерді қабылдауға қатысты тәсілдер туралы белсенді түрде хабарлап отыру;

2) МШОК субъектілерін және серіктестерді қолдау көрсету құралдары туралы жан-жақты және уақытылы ақпараттандыру;

3) Жыл сайын жарияланатын Қордың даму жоспарын жүзеге асыру туралы маусымдық есебі аясында қол жеткізілген әлеуметтік-экономикалық әсері туралы ақпараттандыру;

4) сыртқы мүдделі жақтарға арналған диалогтік алаңды ұйымдастыру:

- ықтимал стейкхолдерлармен ұдайы түрде кездесулер (дөңгелек үстелдер, көрмелер, конференциялар, ашық ақпарат көздерінде, соның ішінде әлеуметтік желілерде деректер жариялау) ұйымдастыру;

- МШОК субъектілері мен серіктестердің қаперіне жаңа құралдар/бағдарламалар және жұмыс қағидалары туралы ақпаратты жеткізу;
- кері байланыс алу.

Жалпы алғанда, Қордағы корпоративтік басқарудың сапасын арттыру үшін әлемдік үздік тәжірибелер негізінде корпоративтік басқаруға диагностика жүргізіледі. Диагностиканың мақсаты - әлемдік үздік тәжірибелер негізінде корпоративтік басқару жүйесін бағалаудың және дамытудың құрылымдық және жүйелі әдістерін қолдана отырып корпоративтік басқару деңгейін көтеру.

Қордың жұмысын серіктестік, қоғамдық ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдары (әрі қарай - БАҚ) арқылы насихаттау

Қордың коммуникациялық жұмысы өзекті заманауи тенденциялар мен үздік тәжірибелерге сәйкес жүргізілетін болады. Бұл бағыттағы жұмыс Акционерге, даму институттарына, мемлекеттік органдарға және МШОК-ке қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік саясатқа деген қоғамдық сенімнің нығаюына септігін тигізетін болады.

Мақсатты аудиториялардың Қор жұмысына деген сенімін арттырудағы маңызды фактор жұртшылықпен өзара әрекеттестікке түсудің пішіні мен әдістерін таңдау болмақ. Серіктестермен, қоғамдық ұйымдармен, БАҚ-мен бір жолға қойылған ынтымақтастық негізгі коммуникациялық мәселелердің тиімді шешілуіне септігін тигізетін болса, қоғамдық желілермен жұмыс істеу оларды шешуге көмектеседі.

Қордың жұмысы туралы хабардарлық деңгейін серіктес ұйымдар және БАҚ арқылы көтеру үшін Даму стратегиясы серіктес ұйымдар (ЕДБ, МҚҰ, ЛК) арқылы келесі шараларды жүзеге асыруды қарастырады: бірлескен пресс-релиздер шығару, келісімдер/меморандумдар жасасу, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеу.

БАҚ-мен бірлесіп жұмыс істеу бағыты бойынша: БАҚ-да (интернет порталдары, ТВ, радио, баспасөз басылымдары) ақпарат жариялау, пресс-релиздер, сұхбаттар, аналитикалық материалдар, жарнамалық және имидждік дабыстық және бейне материалдар, инфографикалар, өткізілген шаралардан фотосуреттер жариялау, маңызды оқиғалар/шаралар туралы ақпарат беру, ашық есік күндерін өткізу және олар туралы БАҚ-да хабарлау.

Бүгінгі күні алға қарай жылжытудың сұранысқа ие құралы әлеуметтік желілер болып отыр. Сөйтіп, бұл бағытта Қор жарияланымдар/басылымдар, фотоматериалдар, ақпараттық түсіндірмелі, жарнамалық және имидждік бейне материалдар, инфографикалар жариялау, маңызды оқиғалар/шаралар туралы, сондай-ақ қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің табысқа жету оқиғалар туралы ақпараттар беру бойынша белсенді жұмыс жүргізіп келеді.

Халықаралық даму ұйымдарының (ЭЫДҰ және т.б.) МШОК саласындағы аналитикалық зерттеулеріне мамандық қолдау көрсету

МШОК-ке қолдау көрсететін негізгі институт ретінде Қор тұрақты түрде аталмыш сектордың даму көрсеткіштеріне мониторинг және талдау жүргізетін болады, олардың нәтижелері бұқаралық аудитория үшін қолжетімді мерзімді есептер түрінде жарияланатын болады. Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерін шетелдік ұйымдар арасында насихаттау үшін, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық ұйымдарға қатысу мәртебесін арттыру үшін Қор «МШОК және кәсіпкерлерді қаржыландыру» (ЭЫДҰ), «МШОК-ті Азия өңірінде қаржыландыруға шолу» (АДБ) секілді халықаралық даму ұйымдарының МШОК саласындағы аналитикалық зерттеулеріне мамандық қолдау көрсететін болады.

Қызметкерлерді дамыту

Қорды қажетті біліктілігі және ынтасы бар қажетті адам ресурстарымен қамтамасыз ету үшін Қор Стратегия аясында қызметкерлерді дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Қордың кадрлік саясатының міндеті - Қордың дамуына және тиімділігінің артуына үлестерін қоса алатын кәсіби мамандарды Қорға тарту және оларды сақтап қалу. Холдингтің барлық еншілес ұйымдарына қатысты бірыңғай тәсілді

ескере отырып Қордың кадрлік саясаты келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

1) еңбек ресурстарын жоспарлау ашықтықты қамтамасыз ететін ашық сайыстық іріктеуді қолдану негізінде Қордың үздік қызметкерлерінің кадрлік қорын құру арқылы жүзеге асырылатын болады;

2) қызметкерлердің еңбек өнімділігінің деңгейін арттыру жұмыстың негізгі көрсеткіштерін қолдану және қызметкерлерді аттестациялау мен ынталандыру бағдарламаларын пайдалану арқылы бағалау жүргізу негізінде іске асырылатын болады;

3) адам капиталын тиімді түрде басқару қызметкерлерді оқыту және дамытудың тұрақты жүйесінің қалыптасуын, еңбек процестерінде заманауи технологиялар мен ақпаратты басқару жүйелерін енгізуді және оларды қолдануды, соның ішінде білімді басқару процестерін автоматтандыруды қамтамасыз етеді;

4) енгізілген грейдтер жүйесінің негізінде және нарықтағы жалақыны ескере отырып еңбек сыйақысының әділ түрде бәсекеге қабілетті мөлшерде төленуін қамтамасыз ету.

Қордың бұл бағыттағы жұмысы келесі НӨК-мен бағаланатын болады:

- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ жұмысымен МШОК субъектілерінің қанағаттануын және сенуін бағалау көрсеткіші Стратегияны жүзеге асыру кезеңінде 80%-ды құрайтын болады.

4. Күтілетін нәтижелер

«Даму» қоры әр стратегиялық бағыт шеңберінде қойылған міндеттердің орындалуына НӨК көрсеткіштерін қолдана отырып ұдайы мониторинг жүргізетін болады.

	Көрсеткіш	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
1-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ. Бастауыш және әрекеттегі кәсіпкерлерге қолдау көрсету және дамыту								
Микро-бизнесті несиелеуді кеңейту және МҚҰ мен несиелік серіктестіктердің қолдау құралдарын әзірлеу және іске асыру								
1	МҚҰ қоржынының Қордың несиелеу қоржынындағы үлесі, %	1,1	1,7	1,7	2,3	2,7	2,7	2,7
2	Қолдау көрсетілген кәсіпкерлердің жалпы санындағы микро және шағын кәсіпкерлердің үлесі, %	67,5	68	68,5	69,5	70,5	79,5	81,5
Әрекеттегі МШОК-ның Қордың қаржылық бағдарламалармен қамтылу үлесін арттыру								
3	Қаржылық қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің нарықта әрекеттегі МШОК субъектілерінің жалпы санына шаққандағы үлесі (Мем. Бағдарламалар/Қор бағдарламалары), %	2,6	3,5	4,5	5,7	7,2	8,6	10
4	Еңбек өнімділігінің арттыру мен өтім нарығын кеңейтуді есепке алғандағы жаңа жобалардың және әрекеттегі өндірісті жаңғырту және кеңейту бойынша жобалардың саны (Мем. Бағдарламалар/Қор	32 600	44 200	57 200	71 800	91 500	109 500	128 000

	бағдарламалары), дана							
5	Қордың қолдау көрсету құралдары қолданылған тұрғын үй көлемі, мың шаршы м	-	300	600	600	600	-	-
6	Қордың несиелік қоржынындағы жеке сектордың үлесі, %	100	100	100	100	100	100	100
МШОК-ның қолдау көрсетіліп жатқан кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету								
7	Қолдау көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнімнің көлемі, млрд. теңге	4 300	4 600	4 900	5 200	5 500	5 800	6 100
8	Қолдау көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері тарапынан түскен салықтың өсімі, млрд. теңге	13	13	14	15	15	17	17
2-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ. Қордың тұрақты институттық дамуы								
Қаржыландырудың қосымша көздерін тарту								
9	Мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің есеп жылындағы қарыз алудың жалпы құрылымындағы үлесі, %	78	77	69,4	79	79	79	79
10	Қарыз/Капитал	3,5	4	4,5	5	5,5	6	7
Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне қол жеткізу								
11	ROA (ең аз оң мәннен төмен емес), %	0,7	1	1	1	1	1	1
12	Жалпы активтердегі несиелік қоржынының үлесі, %	77	81	88	89	91	91	91
Бизнес процестерді автоматтандыру								
13	Қордың негізгі бизнес процестерін автоматтандыру, %	60-тан аз емес	60-тан аз емес	100	100	100	100	100
Корпоративтік басқару деңгейін арттыру								
14	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ жұмысымен МШОК субъектілерінің қанағаттануын және сенуін бағалау, %	80-нен аз емес	80-нен аз емес	80-нен аз емес	80-нен аз емес	80-нен аз емес	80-нен аз емес	80-нен аз емес

Қорытынды

Қордың даму стратегиясы Қазақстанның МШОК секторын дамытуға бағытталған және мемлекеттік те, өзінің меншікті де МШОК-ті дамыту бағдарламаларын сәтті және тиімді жүзеге асырудың тәжірибесін ескереді. Қордың МШОК-ке қолдау көрсету саласында жиырма жылдық тәжірибесі және Даму стратегиясын жүзеге асырудың тиімділігін арттыру және белгіленген мақсаттар, міндеттер және НӨК-не жету мақсатында қолдануға болатын бірқатар мықты жақтары бар.

Қордың қаржы құралдарымен жаппай қамтуды қамтамасыз ету мақсатында Даму стратегиясы аясында Қор ЕДБ/ЛК арқылы несиелік қаражатты шартты түрде орналастыру жөніндегі қолданыстағы бағдарламалар бойынша жұмысты жалғастыратын болады, сондай-ақ микро, шағын кәсіпорындарды микроқаржы ұйымдары арқылы қаржыландырудың көлемін ұлғайтатын болады. Сонымен қатар, Қор несиелендірудің қолжетімділігін арттыру құралдарын, соның ішінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және несиелерге кепіл беруді жүзеге асыратын болады. Кепіл беру бойынша Қор «БЖК - 2020» бірыңғай бағдарламасы аясындағы қолданыстағы кепіл беру құралдарын қолдануды да, «Даму-Оптима» меншікті

бағдарламасы аясында салалық шектеулерсіз берілетін кепілдер көлемін ұлғайтуды да жалғастыратын болады. Субсидиялау бойынша Қор «БЖК - 2020» бірыңғай бағдарламасы аяқталғанға дейін МШОК-ті субсидиялау құралымен қамтамасыз етуді жалғастырады.

МШОК-ті қаржы бағдарламаларымен қамту үлесін арттыру бойынша стратегиялық міндеттің бар екенін ескере отырып, Қор жұмысының басым бағыттарының бірі ретінде қарыз қаражатының көлемін арттыру және қорландыру көздерін әртараптандыру белгіленіп отыр. Аталмыш бағыт аясында Қор несиелік қаражатты қолданатын болады және облигация бағдарламасын жүзеге асыратын болады, сондай-ақ Қор капиталына стратегиялық инвесторды тартатын болады.

Даму стратегиясы аясында Қордың қаржы құралдарына оңтайлы, ыңғайлы және кешенді қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін DAMU Digital бағдарламасы жүзеге асырылатын болады. Жобаның негізгі қағидасы - МШОК субъектілеріне өзіне-өзі қызмет көрсету үшін құралдарды ұсына отырып «бір терезе» қағидасын ұйымдастыру. Аталмыш құрал МШОК үшін Қормен бірлесіп жұмыс істеу кезінде жеделділікті, қолжетімділікті және ашықтықты қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі Қор саясаты қабылданатын шешімдердің жылдамдығын және сапасын арттыруға, оларды орындауды бақылаудың сапасын жақсартуға және Қор жұмысының транспаренттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Даму стратегиясын жүзеге асыру нәтижесінде Қор өзін МШОК -ке қолдау көрсету және оны дамыту бағдарламаларын жүзеге асыратын ұлттық институт ретінде танытатын болады.

**Жұмыстың негізгі өнімділік көрсеткіштерін есептеу әдістемесі
2023 жылға дейінгі «Даму» қорының даму стратегиясы.**

№	Көрсеткіш	Есептеу әдістемесі
1	МҚҰ қоржынының Қордың несиелік қоржынындағы үлесі, %	Несие қоржыны (МҚҰ бергендері бойынша) / Берілген несиелердің жалпы мөлшері
2	Қолдау көрсетілген кәсіпкерлердің жалпы санындағы микро және шағын кәсіпкерлердің үлесі, %	Қордың қаржы бағдарламалары негізінде қолдау көрсетілген микро, шағын кәсіпкерлердің жобалары / Қордың қаржы бағдарламалары негізінде қолдау көрсетілген кәсіпкерлердің жобаларының жалпы саны
3	Нарықта әрекет ететін МШОК субъектілерінің жалпы санындағы қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің үлесі (мемлекеттік бағдарламалар/Қор бағдарламалары), %	Қордың қаржы бағдарламалары негізінде қолдау көрсетілген МШОК саны / Нарықтағы әрекет етуші МШОК саны * 100
4	Еңбек өнімділігінің арттыру мен өтім нарығын кеңейтуді есепке алғандағы жаңа жобалардың және әрекеттегі өндірісті жаңғырту және кеңейту бойынша жобалардың саны (Мем. Бағдарламалар/Қор бағдарламалары), дана	Еңбек өнімділігін арттыру мен өтім нарығын кеңейтуді есепке алғандағы жаңа жобалардың және әрекеттегі өндірісті жаңғырту және кеңейту бойынша жобалардың саны
5	Қордың қолдау көрсету құралдары қолданылған тұрғын үй көлемі, мың шаршы м	Құрылысшылардың субсидияланатын несиелері есебінен іске қосылған, несиелер берілетін және жалдамалы тұрғын-үй көлемі
6	Қордың несиелік қоржынындағы жеке сектордың үлесі, %	Жеке секторға берілген несиелер көлемі* / Несие қоржыны (шартты қаражат орналастыру бағдарламасы бойынша)
7	Қолдау көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнімнің көлемі, млрд. теңге	Қолдау көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнімнің көлемі
8	Қолдау көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері тарапынан түскен салықтың өсімі, млрд. теңге	Есептік жылдағы қаржылай қолдау көрсету бағдарламасы қатысушылары төлеген салық көлемі - қаржылай қолдау көрсету бағдарламасы қатысушылары өткен жылда төлеген салық көлемі
9	Мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің есеп жылындағы қарыз алудың жалпы құрылымындағы үлесі, %	Бюджеттік емес көздерден МШОК субъектілерін қаржыландыру үшін тартылған қаражат көлемі / МШОК субъектілерін қаржыландыру үшін тартылған қаражаттың жалпы көлемі
10	Қарыз / Капитал	Теңгерімдік құн жөніндегі міндеткерлік / Капитал
11	ROA (ең аз оң мәннен төмен емес), %	Кезеңдегі таза табыс / Кезеңдегі активтердің орташа көлемі*100
12	Жалпы активтердегі несиелік қоржынының үлесі, %	Несие қоржыны / Активтердің жалпы көлемі*100
13	Қордың негізгі бизнес процестерін автоматтандыру, %	Автоматтандырылған Қор бизнес процестерінің саны / Қордың бизнес процестерінің жалпы саны
14	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ жұмысымен МШОК субъектілерінің қанағаттануын және сенуін бағалау, %	Тәуелсіз компания арқылы жүзеге асырылатын Қор жұмысымен МШОК субъектілерінің қанағаттануын және сенуін бағалау

*Жеке секторға берілген несиелер көлемі, мемлекеттік, мемлекеттік сыңайлы ұйымдар, сондай-ақ, мемлекеттің бақылаушы (>50%) немесе одан да артық үлесі бар ұйымдар

тарапынан ұсынылған несиелер шегерілгендегі несиелер қоржынының жалпы көлемі ретінде есептеледі.

Аббревиатура түсіндірмесі:

АДБ	Азия даму банкі
АҚ	«Даму» кәсіпкерлікті
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ / Жалғыз акционер / Акционер, Холдинг	«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ
ЕДБ	Екінші деңгей банктері
ДБ	Дүниежүзілік банк
УБҚ	Уақытша бос қаражат
МИИДБ	2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы
«БЖК - 2020» бірыңғай бағдарламасы / ЕП «БЖК - 2020» ББ / «БЖК - 2020» бағдарламасы	«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы
ЕҚҚДБ	Еуропа қайта құру және даму банкі
ЕИБ	Еуропа инвестициялық банкі
ЖК	Жеке кәсіпкер
ПӘК	Негізгі өнімділік көрсеткіштері
ҚБКЖ	Қауіптерді басқарудың корпоративтік жүйесі
ШҚ	Шаруашылық қожалығы
ЛК	Лизингтік компания
ҚР	Қазақстан Республикасы
ЖАО	Жергілікті атқарушы орган
МҚҰ	Микроқаржы ұйымы
ҚР ҰБ	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
ҚР ҰҚ	Қазақстан Республикасы Ұлттық Қоры
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
МШОК	Микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі
КҚКМО	Кәсіпкерлерге қолдау көрсетудің мобильді орталығы
Бағдарлама	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін аймақтық қаржыландыру бағдарламасы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ЖКС	Жеке кәсіпкерлік субъектісі
Қор / «Даму» қоры	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
КҚКО	Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы